




Russell Bedford
taking you further

Audit, Consulting, Tax

Russell Bedford
GROUP OF COMPANIES

Appraisal, Training, IT-Audit



Member of Russell Bedford International, with affiliated offices worldwide
Registered Office: 34 Abish Kekilbayuly Street, Almaty, The Republic of Kazakhstan



Russell Bedford



**«Ұлттық Ақпараттық Технологиялар»
акционерлік қоғамы (АҚ)**

Қаржылық есептілік
2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған кезең
үшін

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ

МАЗМҰНЫ	2
2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАҒАНЫ ЖӘНЕ БЕКІТКЕНІ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚТЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ	3
ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ	4-6
2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН КЕЗЕҢ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК:	
Қаржылық жағдай туралы есеп	7
Пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы есеп	8
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп	9
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп	10
Қаржылық есептілікке ескертпе	11-43

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚТЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ (бұдан әрі - «Қоғам») басшылығы 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғамның қаржылық жағдайын, 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін пайда немесе залал және өзге де жиынтық кірістер туралы есепті, ақша қаражатының қозғалысы туралы есепті және капиталдағы өзгерістер туралы есепті шынайы көрсететін қаржылық есептілікті Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес дайындауға жауап береді.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық:

- есеп саясатының қағидаттарын дұрыс таңдау мен қолдануды қамтамасыз ету;
- осындай ақпараттың орындылығын, дұрыстығын, салыстырмалылығы мен түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда ақпаратты, оның ішінде есеп саясаты туралы деректерді ұсыну;
- ХҚЕС талаптарын орындау ақпарат пайдаланушылардың белгілі бір мәмілелердің, сондай-ақ өзге де оқиғалар мен шарттардың Қоғам қызметінің қаржылық жағдайына және қаржылық нәтижелеріне тигізетін әсерін түсінуі үшін жеткіліксіз болған жағдайларда қосымша ақпаратты ашу; және
- Қоғамның таяу болашақта қызметін жалғастыру қабілетін бағалау үшін жауап береді.

Қоғам басшылығы сондай-ақ:

- Қоғамның ішкі бақылауының тиімді және сенімді жүйесін әзірлеу, енгізу және қолдау;
- Қоғамның мәмілелерін ашуға және түсіндіруге, сондай-ақ кез келген күні Қоғамның қаржылық жағдайы туралы жеткілікті дәлдікпен ақпарат беруге және қаржылық есептіліктің ХҚЕС талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нысанда есеп жүргізу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына және ХҚЕС-на сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізу;
- Қоғам активтерінің сақталуын қамтамасыз ету жөнінде барлық ақылға қонымды ықтимал шараларды қабылдау;
- қаржылық және өзге де теріс пайдалану фактілерін анықтау және болдырмау үшін жауап береді.

Қоғамның 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілігін 2025 жылғы 15 мамырда басшылық бекітті.

Біздің біліміміз бен сенімдерімізге сүйене отырып, жоғарыда көрсетілген түзетулерді немесе ашуларды талап ететін баланс күнінен кейін және осы мәлімдеме күніне дейін болған оқиғалар болмағанын атап өтеміз.

Қоғам басшылығының атынан:




С.М. Аширбеков

Басқарма төрағасының м.а

С.А. Аханов

Қаржы жөніндегі басқарушы директор



А.С. Смагулова

Бухгалтерлік және салықтық есеп департаментінің директоры – бас бухгалтер

15 мамыр 2025 ж.

Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ үлескерлеріне

Пікір

Біз «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ (бұдан әрі - «Қоғам») 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есептен, көрсетілген күні аяқталған жыл ішіндегі пайда немесе залал және өзге жиынтық кіріс туралы есептен, капиталдағы өзгерістер туралы есептен және ақша қаражатының қозғалысы туралы есептен, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, қаржылық есептілікке ескертулерден тұратын ұйымының қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қаржылық Қоғамның 2024 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайы, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі оның қаржылық нәтижелері және ақша қаражатының қозғалысы туралы шынайы және объективті ақпаратты Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес есептілік барлық елеулі аспектілерде ұсынады.

Пікір білдіру үшін негіз

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз бұдан әрі қорытындымыздың *«Аудитордың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі»* бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі Кеңестің *Кәсіби бухгалтерлер этикасы кодексіне* (БХЭСК Кодексі) сәйкес Қоғамға қатысты тәуелсізбіз және біз БХЭСК Кодексіне сәйкес өзге де этикалық міндеттерді орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдемелер өз пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті және тиісті болып табылады деп ойлаймыз.

Аудиттің негізгі мәселелері

Біз аудиттің олар туралы біздің қорытындыда хабарлау қажет негізгі мәселелері жоқ екенін анықтадық.

Маңызды жағдайлар

Біз қоса беріліп отырған қаржылық есептілікке 26-беттегі «Бағалаумен байланысты елеулі пайымдаулар және негізгі белгісіздік көздері» деген 4-ескертпеде қаржылық есептілікті ұсыну кезінде басшылықтың пайымдауы туралы ақпарат ашылғанына назар аударамыз.

42-бетте «Есепті күннен кейін болған оқиғалар» ескертпесінде Қоғамның өз қызметін жүргізетін есепті күннен кейін туындаған шаруашылық жағдайлары туралы куәландыратын елеулі оқиғалар туралы ақпарат және осы оқиғалардан кейін «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ басшылығының бағалауы ашылған.

Біз осы мәселеге байланысты өзгертілген аудиторлық пікір білдірмейміз.

Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық ХҚЕС-на сәйкес көрсетілген қаржылық есептілікті дайындау және дұрыс ұсыну үшін және басшылық жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан елеулі бұрмалаушылықтары жоқ қаржылық есептілікті дайындау үшін қажетті деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапты болады.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Қоғамның өз қызметін үздіксіз жалғастыруға қабілеттілігін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашқаны үшін және басшылық Қоғамды таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниет білдірген немесе оның қызметін таратудан немесе тоқтатудан басқа қандай да бір нақты баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде есептілікті жасағаны үшін жауапты болады.

Корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғалар Қоғамның қаржылық есептілігін дайындауды қадағалау үшін жауапты болады.

Аудитордың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілікте жосықсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан айтарлықтай бұрмалаушылық болмайтынына және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытындыны шығаруда ақылға қонымды сенім алу болып табылады.

Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудиттің олар болған кезде әрдайым елеулі бұрмалаушылықтарды анықтайтынына кепілдік болып табылмайды.

Бұрмалау жосықсыз әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы қаржылық есептілік негізінде қабылданатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізді түрде жорамалдауға болатын болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және бүкіл аудит бойы кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Бұдан басқа, біз мыналарды орындаймыз:

- жосықсыз әрекеттердің немесе қателердің салдарынан қаржы есептілігінің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдер әзірлейміз және жүргіземіз; өз пікірімізді білдіруге негіз болуы үшін жеткілікті және лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдер аламыз. Жосықсыз әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалауды таппау тәуекелі қатенің нәтижесінде елеулі бұрмалауды таппау тәуекелінен жоғары, өйткені жосықсыз әрекеттер сөз байласуды, жалғандықты, ақпаратты қасақана жіберуді, бұрмалап ұсынуды немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту әрекеттерін қамтуы мүмкін;
- жағдайларға сай келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында, бірақ Қоғамның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатынсыз аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесінің ұғымын аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаудың негізділігін және басшылық дайындаған ақпаратты тиісінше ашуды бағалаймыз;
- басшылықтың қызмет үздіксіздігі туралы жорамалды қолдануының заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде – нәтижесінде Қоғамның өз қызметін үздіксіз жалғастыруға қабілеттілігіне елеулі күмән туындауы мүмкін оқиғалармен немесе шарттармен байланысты елеулі белгісіздіктің бар екені туралы тұжырым жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздік бар деп тұжырым жасасақ, біз өзіміздің аудиторлық қорытындымызда қаржы есептілігінде ақпараттың сәйкесінші ашылуына назар аударуға немесе, егер ақпаратты мұндай ашу лайықсыз болып табылса, өз пікірімізді өзгертуге тиіспіз. Біздің тұжырымдарымыз өзіміздің аудиторлық қорытындымыз жасалған күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе шарттар Қоғамның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкеп соқтыруы мүмкін;
- қаржылық есептіліктің тұтастай ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын, оның ішінде ақпараттың ашылуын, сондай-ақ қаржылық есептіліктің оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғалар олардың бұрыс ұсынылуын қамтамасыз ететіндей болып ұсынылуын бағалауды жүргіземіз.

Біз корпоративтік басқару үшін жауап беретін тұлғалармен ақпараттық өзара әрекеттестікті жүзеге асырып, олардың назарына басқалармен қатар аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімі туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы ақпаратта, оның ішінде біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты хабарлаймыз.

Адилхан Кенжекулов
Аудит жөніндегі серіктес

Аудитордың біліктілік куәлігінің № 1-ПН
0001018, 30.01.2020 жыл

Шолпанай Құдайбергенова
«Russell Bedford At Partners» ХАК» ЖШС
Бас директоры

Қазақстан Республикасының аумағында
аудиторлық қызметпен айналысуға арналған
№18013076 мемлекеттік лицензиясын Қазақстан
Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі
мемлекеттік аудит комитеті 2018 жылғы «03»
шілдеде берген.

2025 жылғы «15» мамыр

Астана қаласы, Қазақстан Республикасы



«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ
2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша
Қаржылық жағдай туралы есеп

Мың теңгемен	Еск.	2024 жылғы 31 желтоқсанға	2023 жылғы 31 желтоқсанға
АКТИВТЕР			
Ұзақ мерзімді активтер			
Пайдалану құқығы нысанындағы актив	10	535 008	1 070 009
Негізгі құралдар	11	125 668 057	24 869 024
Материалдық емес активтер	12	5 904 400	2 884 642
Ұзақ мерзімді активтер жиыны		132 107 465	28 823 675
Қысқа мерзімді активтер:			
Ақша қаражаты және олардың баламалары	5	31 300 910	35 557 020
Өзге де қысқа мерзімді қаржы активтері	6	-	109 136
Қысқа мерзімді саудалық және өзге де дебиторлық берешек	7	961 193	1 411 047
Ағымдағы табыс салығы		1 008 938	489 668
Қорлар	8	317 758	268 149
Өзге қысқа мерзімді активтер	9	14 082 597	15 897 208
Сатуға арналған активтер (немесе шығатын топтар)		-	8 142
Қысқа мерзімді активтер жиыны		47 671 396	53 740 370
Активтер жиыны		179 778 861	82 564 045

КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Қысқа мерзімді міндеттемелер

Қысқа мерзімді саудалық және өзге де кредиторлық берешек	13	57 791 988	22 065 918
Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері	14	4 137 943	1 928 289
Қызметкерлерге сыйақылар	15	2 738 131	1 668 223
Жалдау бойынша қысқа мерзімді берешек	10	660 130	956 995
Сатып алушылардың шарттар бойынша қысқа мерзімді міндеттемелері		119 638	10 129
Өзге де қысқа мерзімді міндеттемелер	16	485 458	604 490
Қысқа мерзімді міндеттемелер жиыны		65 933 288	27 234 044

Ұзақ мерзімді міндеттемелер

Ұзақ мерзімді міндеттемелер - облигациялар	17	3 000 000	-
Ұзақ мерзімді саудалық және өзге де кредиторлық берешек	18	23 713 044	-
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	28	1 154 394	906 950
Жалдау бойынша ұзақ мерзімді берешек	10	-	660 105
Болашақ кезеңдердің кірістері	19	617 639	-
Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны		28 485 077	1 567 055

Капитал

Акционерлік капитал	20	46 157 294	18 507 365
Бөлінбеген пайда (жабылмаған залал)		39 203 202	35 255 581
Капитал жиыны		85 360 496	53 762 946
Капитал мен міндеттемелер жиыны		179 778 861	82 564 045

С.М. Аширбеков

Басқарма Төрағасының м.а.

С.А. Аханов

Қаржы жөніндегі басқарушы
директор

А.С. Смагулова

Бухгалтерлік және салықтық есеп
департаментінің директоры - бас
бухгалтер

11-43-беттердегі ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.



«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ

2024 жылғы есепті кезең үшін

Пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы есеп

<i>Мың теңгемен</i>	Еск	2024 жыл	2023 жыл
Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатудан түскен түсім	21	70 952 359	61 807 972
Өткізілген тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің өзіндік құны	22	(64 469 251)	(52 743 583)
Жалпы пайда		6 483 108	9 064 389
Өткізу бойынша шығыстар		(1 399)	(1 255)
Әкімшілік шығыстар	23	(2 157 213)	(1 583 404)
Қаржылық кірістер	24	1 810 792	4 401 753
Қаржылық шығыстар	25	(720 546)	(447 496)
Өзге де кірістер	26	660 664	146 868
Өзге де шығыстар	27	(414 668)	(133 783)
Салық салынғанға дейінгі пайда		5 660 738	11 447 072
Табыс салығы бойынша шығыстар	28	(1 856 199)	(1 731 163)
Жыл ішіндегі пайда		3 804 539	9 715 909
Өзге де жиынтық кіріс			-
Жыл ішіндегі жиынтық кіріс жиыны		3 804 539	9 715 909



С.А. Аханов

Қаржы жөніндегі басқарушы
директор

А.С. Смагулова

Бухгалтерлік және салықтық есеп
департаментінің директоры - бас
бухгалтер

11-43-беттердегі ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады




«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ
 2024 жылғы есепті кезең үшін
 Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп (тікелей әдіс)

Мың теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
I. Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы		
1. Ақша қаражатының түсуі, барлығы	82 647 217	73 485 166
оның ішінде:		
тауарлар мен қызметтерді өткізу	79 775 930	68 900 027
сатып алушылардан, тапсырыс берушілерден алынған аванстар	119 638	10 129
алынған сыйақы	532 360	4 334 448
өзге де түсімдер	2 219 289	240 562
2. Ақша қаражатының шығуы, барлығы	77 614 571	63 333 181
оның ішінде:		
тауарлар мен қызметтер үшін өнім берушілерге төленетін төлемдер	55 221 149	32 678 462
тауарлар мен қызметтерді жеткізушілерге берілген аванстар	108 167	11 992 608
еңбекақы төлеу жөніндегі төлемдер	13 095 269	10 281 041
сыйақы төлеу	720 546	447 496
табыс салығы және бюджетке төленетін өзге де төлемдер	8 160 312	6 733 220
өзге де төлемдер	309 128	1 200 354
3. Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы	5 032 646	10 151 985
II. Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы		
1. Ақша қаражатының түсуі, барлығы	1 625	7 021
өзге де түсімдер	1 625	7 021
2. Ақша қаражатының шығуы, барлығы	38 845 962	15 169 679
оның ішінде:		
негізгі құралдарды сатып алу	37 023 990	13 699 417
материалдық емес активтерді сатып алу	1 821 972	1 470 262
3. Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы	(38 844 337)	(15 162 658)
III. Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы		
1. Ақша қаражатының түсуі, барлығы	30 620 142	5 000 000
акциялар мен өзге де қаржы құралдарының эмиссиясы	30 620 142	5 000 000
2. Ақша қаражатының шығуы, барлығы	1 077 833	4 736 062
өзге де істен шығулар	1 077 833	4 736 062
3. Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы	29 542 309	263 938
4. Валюта айырбас бағамының тенгеге әсері	(9 835)	(3 430)
5. Ақша қаражатының және олардың баламаларының баланстық құнының өзгеру әсері	(3 437)	(7 058)
6. Ақша қаражатының ұлғаюы +/- азаюы	(4 256 110)	(4 757 223)
7. Есепті кезеңнің басындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	35 557 020	40 314 243
8. Есепті кезеңнің соңындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	31 300 910	35 557 020


С.М. Аширбеков
 Басқарма Төрағасының м.а.


С.А. Аханов
 Қаржы жөніндегі басқарушы директор


А.С. Смағұлова
 Бухгалтерлік және салықтық есеп департаментінің директоры - бас бухгалтер

11-43-беттердегі ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады



«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ
 2024 жылғы есепті кезең үшін
 Капиталдағы өзгерістер туралы есеп

Мың теңгемен	Еск.	Акционерлік капитал	Бөлінбеген пайда	Жиыны
2023 жылғы 1 қаңтарға		13 507 365	25 539 681	39 047 046
Жыл ішіндегі пайда		-	9 715 909	9 715 909
Акционерлік капиталға жарна		5 000 000	-	5 000 000
Өзге де операциялар		-	(9)	(9)
2023 жылғы 31 желтоқсанға		18 507 365	35 255 581	53 762 946
Жыл ішіндегі пайда			3 804 539	3 804 539
Акционерлік капиталға жарна	20	27 649 929	-	27 649 929
Өзге де операциялар (НҚ және МЕА қызмет ету мерзімдерін қайта қарау)		-	143 082	143 082
2024 жылғы 31 желтоқсанға		46 157 294	39 203 202	85 360 496

С.М. Аширбеков

Басқарма Төрағасының м.а.

С.А. Аханов

Қаржы жөніндегі басқарушы директор

А.С. Смағұлова

Бухгалтерлік және салықтық есеп департаментінің директоры - бас бухгалтер

11-43-беттердегі ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.



1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

а) Ұйымдық құрылым және қызмет

Толық және қысқаша атауы:

- Толық - «Ұлттық ақпараттық технологиялар» акционерлік қоғамы
- Қысқартылған - «ҰАТ» АҚ

Қоғам «Қазақстан Республикасында бірыңғай ақпараттық кеңістікті дамыту және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» жабық акционерлік қоғамын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 4 сәуірдегі № 492 қаулысына сәйкес құрылды. Қоғам «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415 Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қайта ұйымдастырылды және 2004 жылғы 1 қазанда Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі берген 9922-1901 АҚ нөмірімен қайта тіркелді, БСН 000740000728.

Қоғамның жалғыз акционері: «Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі» (бұдан әрі мәтін бойынша «Жалғыз акционер»). «Зерде» ұлттық инфокоммуникациялық холдингі» акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 5 тамыздағы № 540 қаулысына сәйкес Жалғыз акционерге «Ұлттық ақпараттық технологиялар» акционерлік қоғамының акциялар пакетін иелену және пайдалану құқығы берілді. 2023 жылғы 18 сәуірде «Ақпараттық-есепке алу орталығы» АҚ және «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ номиналды ұстаушысының есепке алу жүйелерінде «Зерде» холдингі» АҚ жеке шотынан Қоғамның акцияларын есептен шығару бойынша мәмілелер тіркелді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 40 қаулысымен Қоғам «Электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторы болып айқындалды.

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» акционерлік қоғамы мен «Kazsatnet» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамын қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 11 қарашадағы № 696 қаулысымен «Kazsatnet» ҰК» АҚ барлық мүлікті, құқықтар мен міндеттерді бере отырып, Қоғамға қосылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 23 жылғы 2024 қаңтардағы № 25 қаулысына сәйкес Қоғам жасанды интеллекттің ұлттық платформасының операторы болып айқындалды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 24 жылғы 2024 шілдедегі № 592 қаулысымен Қоғам «2024 - 2029 жылдарға арналған жасанды интеллектті дамыту тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарына» қатысты негізгі орындаушылардың бірі болып табылады.

Қоғамның заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/15-ғимарат.

б) Қоғам мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады (Жарғы бойынша):

- 1) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы бірыңғай талаптардың және «электрондық үкіметтің» архитектурасын дамыту жөніндегі талаптардың, деректерді басқару жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз ету;
- 2) уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы объектілеріне жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді және оларды сүйемелдеуді жүзеге асыру;
- 3) «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымын дамыту үшін өзге де тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін сүйемелдеуді және оларға жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру үшін өзге де адамдардың ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін тартуға құқығы бар;



- 4) мемлекеттік органдарға ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету;
- 5) операторға бекітілген «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымында орналастырылған мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды сақтау қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6) ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету кезінде мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды сақтау қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 7) ақпараттық-коммуникациялық қызметтер, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде анықталған кемшіліктерге жедел ден қоюды қамтамасыз ету және оларды жою жөнінде шаралар қабылдау;
- 8) «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерін құру, дамыту және орналастыру үшін «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық платформасын ұсыну жөнінде қызметтер көрсету;
- 9) «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерін интеграциялауды және «электрондық үкіметтің» шлюзіне және Қазақстан Республикасының ұлттық шлюзіне қосуды, сондай-ақ мемлекеттік органдардың ақпараттандыру объектілерін «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымына қосуды жүзеге асыру;
- 10) мемлекеттік органдарға, олардың ведомстволық бағынысты ұйымдарына, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, сондай-ақ уәкілетті орган айқындаған және мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасына қосылған өзге де ақпараттандыру субъектілеріне олардың электрондық ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелерінің жұмыс істеуі үшін байланыс қызметтерін көрсетеді. Байланыс қызметтерін көрсету үшін қызметтердің қосалқы мердігерлері (бірілесіп орындаушылары) ретінде өзге тұлғаларды тартуға құқығы бар;
- 11) «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық тұғырнамасын және мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасын құруды және дамытуды жүзеге асыру;
- 12) Қазақстан Республикасының ұлттық шлюзін сүйемелдеуді және оған жүйелі-техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру;
- 13) Қазақстан Республикасының негізгі куәландырушы орталығын, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының куәландырушы орталығын, Қазақстан Республикасының ұлттық куәландырушы орталығын және Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарапын сүйемелдеуді және оларға жүйелі-техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру;
- 14) «электрондық үкімет» веб-порталын мемлекеттік органдар және қызметтер көрсетудің өзге де субъектілері электрондық нысанда ұсынған электрондық ақпараттық ресурстармен ақпараттық толықтыруды жүзеге асыру;
- 15) «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы объектілерін дамыту кезінде мемлекеттік органдарға консультациялық көмек көрсету;
- 16) «электрондық үкіметтің» және Қазақстан Республикасының ұлттық шлюзінің ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы объектілерін дамыту жөніндегі жобаларды басқаруды жүзеге асыру;
- 17) деректерді басқару жөніндегі уәкілетті орган бекіткен деректерді басқару жөніндегі талаптарға сәйкес деректерді талдауды жүзеге асыру үшін электрондық ақпараттық ресурстарды жинауды, өңдеуді, сақтауды және беруді жүзеге асыру;
- 18) деректерді басқару жөніндегі уәкілетті орган бекіткен деректерді басқару жөніндегі талаптарға сәйкес «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық платформасында деректерді жинауды, өңдеуді, сақтауды және беруді жүзеге асыру;
- 19) заңды тұлғаларға ақпараттық-анықтамалық және консультациялық қызметтер көрсету үшін ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым ұсыну жөнінде қызметтер көрсету;
- 20) әзірленген бағдарламалық қамтамасыз етуді, бастапқы бағдарламалық кодтарды (бар болса), «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерінің лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз ету кешенін есепке алуды және сақтауды жүзеге асыру;
- 21) механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі операторының механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқаудың бірыңғай ақпараттық жүйесін жүргізуді, дамытуды, ұстауды және сүйемелдеуді жүзеге асыратын қызметін жүзеге асыру;



- 22) көлік құралдарының электрондық паспорттары (көлік құралдары шассинің паспорттары) және өздігінен жүретін машиналар мен техниканың өзге де түрлерінің электрондық паспорттары жүйесінің ұлттық операторының (ұлттық әкімшісінің) электрондық паспорттар жүйесіне қатысушылармен және билік органдарымен қауіпсіздікті және өзара іс-қимылды қамтамасыз ете отырып, электрондық паспорттар жүйелерінің әкімшісімен жұмысты ұйымдастыруды жүзеге асыратын қызметін жүзеге асыру;
- 23) есепке алудың бақылау аспаптарының деректерін мұнай өнімдерінің айналымы саласындағы уәкілетті органға, оның аумақтық бөлімшелеріне, сондай-ақ мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті органға автоматтандырылған онлайн-беруді қамтамасыз ететін мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымы саласындағы есепке алудың бақылау аспаптары деректерінің операторының қызметін жүзеге асыру;
- 24) уәкілетті органға және оның аумақтық бөлімшелеріне есепке алудың бақылау аспаптарының деректерін автоматтандырылған онлайн-беруді қамтамасыз ететін этил спирті мен алкоголь өнімін өндіру саласындағы есепке алудың бақылау аспаптарының деректері операторының қызметін жүзеге асыру.

Заңнамада белгіленген тәртіппен алу қажет лицензияның немесе рұқсаттың өзге түрінің болуын талап ететін қызмет түрлері тиісті лицензияларды немесе рұқсаттың өзге түрін алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

Қоғам арнайы құқық саласына жататын тауарларды өндіруге, жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге технологиялық байланысты қызметті жүзеге асыруға құқылы.

в) Қоғам қызметін жүзеге асыру барысында мынадай лицензияларды пайдаланады:

- Электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне сәйкестігін куәландыру жөніндегі, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі берген 2006 жылғы 12 маусымдағы № 001300 АВА тіркеу куәлігінің дұрыстығын растау жөніндегі мемлекеттік лицензия;
- Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі берген 2009 жылғы 26 тамыздағы № 002170 IT-телефония (Интернет - телефон) беру жөніндегі мемлекеттік лицензия;
- Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі берген 2004 жылғы 2 желтоқсандағы № 000685 АВА деректерді беруге арналған мемлекеттік лицензия;
- Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті берген ақпараттың таралып кетуінің техникалық арналарын және жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды анықтау бойынша қызметтер көрсетуге арналған 2019 жылғы 6 наурыздағы № 072 лицензия.
- Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын әзірлеуге иеліктен шығарылмайтын лицензия

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗДЕРІ

а) Қаржылық есептілікті ұсыну негізі

Қоғамның қаржылық есептілігі бұған дейін ХҚЕСК (ХҚЕСТК) қабылданған барлық стандарттар мен түсіндірулерін қоса алғанда Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес дайындалған және оларға толық сәйкес келеді, ХҚЕС сәйкес қаржылық есептілікті дайындау белгілі бір сыни есептік бағаларды қолдануды талап етеді, сондай-ақ басшылықтан есеп саясатын қолдану барысында жол берулер бойынша пайымдауларды қолдануды талап етеді. Жорамалдардың күрделілігінің немесе қолданылуының жоғары деңгейін қамтитын қолдану салалары, сондай-ақ бағалаулар мен жорамалдарды қолдану қаржылық есептілік үшін елеулі болып табылатын салалар төменде 4-ескертпеде ашылған.

б) Функционалдық валюта және қаржылық есептілікті ұсыну валютасы

Қоғамның функционалдық валютасы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы бола отырып, Қоғам жүргізетін операциялардың көпшілігінің экономикалық мәнін және оның қызметіне әсер ететін олармен байланысты мән-жайларды барынша жақсы көрсететін қазақстандық теңге (бұдан әрі - «теңге») болып табылады. Қазақстандық теңге сондай-ақ осы қаржылық есептілік деректерін таныстыру валютасы болып табылады. Қаржылық есептіліктің барлық деректері тұтас мың теңгеге дейінгі дәлдікпен дөңгелектелген. Қаржылық есептілікте өткен кезеңдегі салыстырмалы ақпарат берілген.

в) Шетел валютасындағы операциялар мен оқиғалар

Шетел валютасындағы операциялар мен оқиғалар валюта айырбастаудың нарықтық бағамын қолдана отырып, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында есепке алынады. Ақша баптары бойынша есеп айырысу кезінде немесе есепті кезең ішінде бастапқы тану кезінде қайта есептелген бағамдардан ерекшеленетін бағамдар бойынша ақша баптарын қайта есептеу кезінде туындайтын бағамдық айырмалар олар туындаған кезеңде пайда немесе залал ретінде танылуға жатады.

Келесі кестеде келесі күндерге теңгемен бағамдар берілген:

Валюта	2024 жылғы			
	31 желтоқсанға	2024 орташа мәні	2023 жылғы 31 желтоқсанға	2023 орташа мәні
АҚШ доллары	523,54	471,95	454,56	456,2
Еуро	546,47	509,44	502,24	493,2
Ресей рублі	4,99	5,06	5,06	5,4

г) Үздіксіз қызмет қағидаты

Қаржылық есептілік Қоғам өз қызметін жақын болашақта жалғастырады және өзінің активтерін іске асыра алады, қарызын өтей алады және өз міндеттемелерін орындай алады деп болжайтын үздіксіз қызмет қағидатын ұстанады деген болжамдарға сүйене отырып дайындалды. Қоғамның болашақта таратуға немесе қызметті айтарлықтай қысқартуға ниеті немесе қажеттілігі жоқ.

Қоса беріліп отырған қаржылық есептілікте, егер Қоғам үздіксіздік қағидаты негізінде өз қызметін жалғастыра алмаған жағдайда қажетті түзетулер жоқ.

д) Құнын анықтауға арналған база

Осы қаржылық есептілік тұтастай алғанда тарихи құн бойынша есепке алу қағидатына сәйкес дайындалды, қаржылық есептіліктің жекелеген баптары бойынша әділ құн бойынша бағалау пайдаланылды.

Әділ құн активті сату кезінде алынатын немесе нарыққа қатысушылар арасындағы ерікті мәміле шеңберінде міндеттемені беру кезінде осы құнның тікелей байқалуына немесе оны басқа әдістеме бойынша айқындауға қарамастан, бағалау күніне төленетін сома ретінде айқындалады. Есептілікті жасау кезінде әділ құн бойынша бағалау бастапқы деректердің байқалуына және олардың бағалау үшін маңыздылығына байланысты деңгейлер бойынша жіктеледі:

- 1-деңгей - Қоғам бағалау күнінде байқай алатын активтер мен міндеттемелерге баға белгіленеді (түзетулерсіз);
- 2-деңгей - 1-деңгейге сәйкес келмейтін, бірақ активтер немесе міндеттемелер үшін тікелей немесе жанама байқалатын бастапқы деректер;
- 3-деңгей - актив немесе міндеттеме бойынша бақыламайтын бастапқы деректер;

е) Қаржылық есептілік элементтерін тану

Қоса беріліп отырған қаржылық есептілікке қаржылық есептілік элементтерін айқындауға және оларды тану шартына жауап беретін барлық операциялар мен оқиғалар енгізілген:

- Қоғам объектіге байланысты кез келген экономикалық пайда алынатынына (немесе жоғалатынына) едәуір дәрежеде сенімді;
- Объектінің сенімді өлшенуі мүмкін құны немесе бағасы болады.

ё) Ұсыну реттілігі

Қаржылық есептіліктегі баптарды ұсыну және жіктеу ағымдағы кезеңнен келесі кезеңге сақталады. Қаржылық есептілікті ұсынуды едәуір қайта қарау қаржылық есептілікті ұсынуға өзгерістер енгізу қажеттілігін болжауы мүмкін. Қоғам ұсынылатын қаржылық есептілікке өзгерістерді ұсынудың өзгертілген нысаны қаржылық есептілікті пайдаланушылар үшін сенімді және неғұрлым маңызды ақпарат берген жағдайда ғана енгізеді, бұл ретте қайта қаралған құрылым сақталады және ақпараттың салыстырмалылығы зардап шекпейді.



ж) Компания алғаш рет қолданған жаңа стандарттар, интерпретациялар және оларға түзетулер.

Компания алғаш рет 2024 жылғы 1 қаңтардан кейін немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енетін кейбір стандарттар мен түзетулерді қолданды.

2024 жылғы 1 қаңтардан кейін немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін міндетті болып табылатын бірқатар жаңа стандарттар, түзетулер мен түсіндірулер жарияланды.

2023 жылғы 26 маусымда Орнықты даму саласындағы есептілік стандарттары жөніндегі халықаралық кеңес (ISSB) 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін ХҚЕС S1 «Орнықты дамуға қатысты қаржылық ақпаратты ашуға қойылатын жалпы талаптар» стандарттарының бірінші пакетін және ХҚЕС S2 «Климаттың өзгеруіне байланысты ашулар» бірінші тақырыптық стандартын шығарды және 2025 жылы жарияланған есептерге қолданылады. ISSB ХҚЕС аясында құрылды және Бухгалтерлік есептілік стандарттары жөніндегі кеңеспен (IASB) қатар жұмыс істейді. ХҚЕС S1/S2 орнықты дамумен және климатпен байланысты ашудың алуан түрлі стандарттарын біріктіруге және жария компаниялардың сенімді және салыстырмалы ақпаратында инвесторлардың талаптарын қанағаттандыра отырып, бүкіл әлем бойынша қолдану үшін әмбебап болуға. ISSB ашылатын ақпаратты қаржылық есептіліктегі ақпаратпен тікелей байланысты болуы тиіс екенін көрсете отырып, «орнықты дамуға байланысты ақпаратты қаржылық ашу» деп атайды.

ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалдау» түзетулер сатушы-жалдаушының кері жалдау арқылы сату мәмілесінде туындайтын ауыспалы жалдау төлемдерін ескеруіне әсер етеді. Мұндай ауыспалы жалдау төлемдері жалдау жөніндегі міндеттемеге енгізілуге тиіс. Ауыспалы төлемдерді есепке алудың жаңа моделі сатушы-жалға алушылардан қайта бағалауды және 2019 жылдан бастап жасалған кері жалдаумен сатып алу-сату мәмілелерін қайта есептеуді талап етеді. Түзетулер 2024 жылғы 1 қаңтардан кейін немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдер үшін күшіне енеді, мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі.

Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес (IASB) пайдаланушылардың ақпараттық қажеттіліктеріне жақсы жауап беру үшін ХҚЕС (IAS) 7 «Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп» және ХҚЕС (IFRS) 7 «Қаржы құралдары: ақпаратты ашу» өзгерістерін енгізді. Түзетулер жеткізушілерді қаржыландыру тетіктерінің ашықтығын және олардың компанияның міндеттемелері мен ақша ағындарына әсерін арттыратын ақпаратты ашуға қойылатын талаптарды енгізеді. ХҚЕС (IAS) 7 және ХҚЕС (IFRS) 7-ге түйінді түзетулер:

- өнім берушілерді қаржыландыру туралы келісімдердің бөлігі болып табылатын қаржылық міндеттемелердің және осы міндеттемелер ұсынылған баптардың баланстық құнын;
- жеткізушілер қаржы қызметтерін жеткізушілерден төлем алған қаржылық міндеттемелердің баланстық құнын;
- осы келісімдердің бір бөлігі болып табылатын қаржылық міндеттемелер бойынша да, сондай-ақ осындай келісімдердің бір бөлігі болып табылмайтын салыстырмалы саудалық кредиторлық берешек бойынша да ақы төлеу мерзімдерінің диапазонын ашу туралы талаптарды қамтиды.

Түзетулер 2024 жылғы 1 қаңтардан кейін немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдер үшін күшіне енеді, мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бірінші жыл ішінде салыстырмалы ақпарат талап етілмейді.

2020 жылы ХҚЕС жөніндегі кеңес ХҚЕС (IAS) 1 міндеттемелерді ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді жіктеу бөлігінде өзгерістер енгізді, олар бастапқыда 2021 жылдан бастап қолданылуы болжанған, бірақ кейін бұл мерзім 2024 жылға ауыстырылды, ХҚЕС (IAS) 8-ге сәйкес ретроспективті қолданылады. 2022 жылғы қазанда ХҚЕС жөніндегі кеңес ұйым нақты шарттық талаптарды, яғни ковенанттарды орындауға міндетті міндеттемелерді жіктеу мәселесіне қатысты ХҚЕС (IAS) 1-ге қосымша түзетулерді қарады. Бұл өзгеріс сондай-ақ мүдделі тараптардың қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелерді жіктеуге қатысты алаңдаушылығына жауап болды. Бұл өзгерістер 2024 жылы күшіне енеді.

Компания қаржылық жағдайына және Компания қызметінің нәтижелеріне әсер етуі мүмкін қозғалыстағы стандарттарға түзетулерді қолданды. Қолданыстағы стандарттарға түзетулерді қолдану осы және қаржылық есептілікке елеулі әсер еткен жоқ.



Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

Төменде Компанияның қаржылық есептілігі шығарылған, бірақ шығарылған күні әлі күшіне енбеген қолданыстағы стандарттарға стандарттар мен түзетулер келтіріледі. Компания осы стандарттар мен түзетулерді олар күшіне енген күннен бастап қолданыстағы стандарттарға қолдануға ниетті.

2024 жылғы 9 сәуірде ХҚЕС жөніндегі кеңес ХҚЕС (IFRS) 18 «Қаржылық есептілікте ұсыну және ашу» стандартын шығарды. ХҚЕС (IFRS) 18 ХҚЕС (IAS) 1-ді ауыстырады және 2027 жылғы 1 қаңтардан кейін немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолданылуы мүмкін.

Стандарттың негізгі мақсаттары:

- Компаниялар қызметінің нәтижелері туралы есептің салыстырмалылығы мен ашықтығы
- Инвесторлар үшін қосымша пайдалы ақпарат және басқа компаниялармен салыстыру мүмкіндігі
- Салыстырмалылықты жақсарту үшін ОПК-ға санаттар бөлінісінде (операциялық, инвестициялық, қаржылық) қосымша аралық қорытындыларды ұсыну
- Ашықтықты қамтамасыз ету үшін белгілі бір тиімділік көрсеткіштері туралы ақпаратты ашу болып табылады.

Ақпараттың үлкен пайдалылығын қамтамасыз ету үшін есеп баптарын агрегаттауға және дезагрегаттауға қойылатын жоғары талаптар

2024 жылғы 9 мамырда ХҚЕС жөніндегі кеңес 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін жаңа ХҚЕС (IFRS) 19 «Жария есептілігі жоқ еншілес ұйымдар» стандартын жариялады. Мерзімінен бұрын қолданылуы мүмкін.

Осы стандартқа сәйкес белгілі бір критерийлерге жататын еншілес ұйымдар өздерінің шоғырландырылған, жеке немесе жеке қаржылық есептілігінде ақпаратты ашуға оңайлатылған талаптарды қолдана алады.

2024 жылғы 30 мамырда ХҚЕС жөніндегі кеңес ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары» жіктеу және бағалау талаптарына түзетулерді жариялады, олар 2026 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық кезеңдерден бастап немесе одан кейін күшіне енеді.

Түзетулер мыналарды қамтиды:

- Экологиялық, әлеуметтік (ESG) және ұқсас көрсеткіштерге байланыстыра отырып, қаржы активтерін жіктеуді нақтылау: ESG-мен байланысты кредиттердің сипаттамалары кредиттердің амортизацияланған құны бойынша немесе әділ құны бойынша бағалануына әсер етуі мүмкін. Түзетулер осындай кредиттер бойынша шартта көзделген ақша ағындарын қалай бағалау керектігін түсіндіреді
- Электрондық төлем жүйелері арқылы міндеттемелерді реттеу. Түзетулер қаржылық активті немесе қаржылық міндеттемені тануды тоқтату күнін нақтылайды. ХҚЕС жөніндегі кеңес, сондай-ақ, егер белгілі бір өлшемшарттар орындалса, компанияға ол есеп айырысу күніне ақша қаражатын ұсынғанға дейін қаржылық міндеттемені тануды тоқтатуға мүмкіндік беретін есеп саясатының нұсқасын әзірлеуді шешті

(IAS) 21-ге түзету: «Валюта бағамдары өзгеруінің әсері» - Валюта айырбасталуын шектеу. Бұл түзету бірнеше айырбас бағамы болса, ұйымның қалай әрекет ететінін түсінуге мүмкіндік береді, бірақ бір валютаны екіншісіне уақытша айырбастауға болмайды. Түзету айырбастау үшін бірінші қолжетімді күнгі бағамды емес, валюта айырбастаудың ағымдағы бағамын ескеруге мүмкіндік береді. Түзету 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Компания жоғарыда көрсетілген стандарттар мен стандарттарға түзетулерді мерзімінен бұрын қабылдамады, қазіргі уақытта олардың өзінің қаржылық есептілігіне әсерін бағалайды. Егер жоғарыда өзгеше көрсетілмесе, жаңа стандарттар мен интерпретациялар Компанияның қаржылық есептілігіне елеулі әсер етпейді деп күтілуде.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Бұдан әрі сипатталған есеп саясатының ережелерін Қоғам осы қаржылық есептілікте ұсынылған барлық есепті кезеңдерде дәйекті түрде қолданған.

а) Негізгі құралдар

Бастапқы тану кезінде негізгі құралдар сатып алу құны бойынша бағаланады. Кейіннен, негізгі құралдар жинақталған тозу мен күнсыздануды алып тастағандағы бастапқы күн бойынша есепке алынады, өмір бойы өзіннің есеп саясаты ретінде ХҚЕС (IAS) 16 «Негізгі құралдар» көзделген бастапқы күн бойынша есепке алу моделін тандады және негізгі құралдардың барлық сыныптарына тандап алынған саясатты қолданады.



Амортизация активтерді ұтымды пайдаланудың бағалау мерзімі ішінде сызықтық әдіспен былайша берілген:

Топ атауы	Пайдалы қызмет мерзімі
Ғимараттар	15-50 жыл
Құрылыстар	15-50 жыл
Машиналар мен жабдықтар	4-25 жыл
Көлік	5-20 жыл
Өзге де негізгі құралдар	3-20 жыл

Негізгі құралдардың пайдалы қызметінің болжамды мерзімі жыл сайынғы негізде қайта қаралуы мүмкін және қажет болған жағдайда мерзімдердегі өзгерістер келесі кезеңдерде түзетіледі. Негізгі құралдардың баланстық құны ағымдағы құнның өтелетін болып табылмайтынын жасыратын мән-жайларда қандай да бір оқиғалар немесе өзгерістер болған жағдайларда құнсыздану мәніне қайта қаралады.

б) Материалдық емес активтер

Материалдық емес активті Қоғам, егер ол материалдық емес активті айқындауға және мынадай материалдық емес активті тану өлшемдеріне сәйкес келсе, мойындайды:

- Сәйкестендіру
- Бақылау
- Дене пішіні жоқ

Материалдық емес активті тану критерийлері:

- осы активке қатысты болашақ экономикалық пайда алу ықтималдығы;
- актив құнын дұрыс бағалау мүмкіндігі болып табылады.

Жеке сатып алынған материалдық емес активтер бастапқы тану кезінде бастапқы құны бойынша бағаланады. Бастапқы танудан кейін материалдық емес активтер жинақталған амортизацияны және құнсызданудан (олар болған жағдайда) жинақталған залалдарды шегере отырып, бастапқы құны бойынша есепке алынады.

Ұтымды пайдалану мерзімі шектеулі материалдық емес активтер осы мерзім ішінде амортизацияланады және егер осы активтің құнсыздану белгілері болса, құнсыздану мәніне бағаланады. Ұтымды пайдалану мерзімі шектеулі материалдық емес актив үшін амортизацияны есептеу кезеңі мен әдісі кем дегенде әрбір есепті жылдың соңында қайта қаралады. Активте жасалған ұтымды пайдаланудың болжамды мерзімінің немесе болашақ экономикалық пайданы тұтынудың болжамды құрылымының өзгеруі қаржылық есептілікте жағдайға байланысты амортизацияны есептеу кезеңінің немесе әдісінің өзгеруі ретінде көрсетіледі және есепке алу бағаларының өзгеруі ретінде ескеріледі. Ұтымды пайдалану мерзімі шектеулі материалдық емес активтердің амортизациясына арналған шығыстар материалдық емес активтің функциясына сәйкес келетін шығыстардың сол санатындағы пайда мен залал туралы есепте танылады.

Игерудегі активтерді қоспағанда, материалдық емес активтердің амортизациясы пайдалы қызметтің мынадай мерзімдері ішінде:

Атауы	Пайдалы қызмет мерзімі
Бағдарламалық қамтамасыз ету, лицензиялар	2-20 жыл

Материалдық емес активті есептен шығарудан түскен кіріс немесе шығыс активтің шығуынан түскен таза кіріс пен активтің ағымдағы құны арасындағы айырма ретінде өлшенеді және осы активті есептен шығару сәтінде пайда мен залал туралы есепте танылады.

Зерттеуге және әзірлеуге арналған шығындар

Зерттеуге арналған шығындар олардың пайда болуына қарай шығыстарға жатқызылады. Нақты өнімді әзірлеуге жұмсалған шығындар нәтижесінде туындайтын материалдық емес актив Қоғам мыналарды көрсете алған кезде ғана танылады:

- Материалдық емес активті құрудың активті пайдалану немесе сату үшін қолжетімді болатындай техникалық жүзеге асырылуы;
- Өзінің материалдық емес активті әзірлеуді аяқтау және оны пайдалану немесе сату ниеті;
- Материалдық емес активтің болашақ экономикалық пайданы қалай жасайтыны;
- Әзірлеуді аяқтау үшін жеткілікті ресурстардың болуы;
- Материалдық емес активке қатысты шығындарды оны әзірлеу барысында сенімді бағалау қабілеті;



• Құрылған материалдық емес активті пайдалану қабілеті.

Активтер ретінде игеруге жұмсалған шығындар бастапқы танылғаннан кейін активтер жинақталған амортизацияны және құнсызданудан жинақталған залалдарды шегергенде бастапқы құны бойынша ескеріледі. Активтің амортизациясы актив пайдалануға дайын болған кезде әзірлеу аяқталғаннан кейін басталады және болашақ экономикалық пайда алудың болжамды кезеңі ішінде жүргізіледі. Амортизация өзіндік құн құрамында көрсетіледі.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Әрбір есепті күнге Қоғам активтің ықтимал құнсыздану белгілерінің бар-жоғын анықтайды. Егер мұндай белгілер орын алса немесе егер активтің құнсыздануына жыл сайынғы тексеру жүргізу талап етілсе, Қоғам активтің өтелетін құнына бағалау жүргізеді. Әзірлеу сатысында материалдық емес активтер амортизацияланбайды, ал жыл сайын құнсыздану белгілерінің болуына/болмауына қарамастан құнсыздануға тестіленеді. активтің немесе ақша ағындарын тудыратын бірліктің (ААТБ) өтелетін құны - бұл активті (активті) пайдалануға жұмсалған шығындар мен құндылықты шегергендегі активтің (ААТБ) әділ құны мынадай шамалардың ең көбі. Актив негізінен басқа активтер немесе активтер топтары тудыратын ағындарға тәуелсіз ақша қаражатының ағынын тудырмайтын жағдайларды қоспағанда, өтелетін құн жеке актив үшін айқындалады. Егер ақша ағынын тудыратын активтің немесе бірліктің баланстық құны оның өтелетін құнынан асып кетсе, актив құнсызданған болып есептеледі және өтелетін құнға дейін есептен шығарылады. Пайдалану құндылығын бағалау кезінде болашақ ақша ағындары салық салуға дейін дисконттау мөлшерлемесі бойынша дисконтталады, олар ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және активке тән тәуекелдерді көрсетеді. Сатуға жұмсалған шығындарды шегергенде әділ құнды айқындау кезінде жақында болған нарықтық мәмілелер (егер ондай орын алса) ескеріледі. Олар болмаған кезде бағалаудың тиісті моделі қолданылады.

Жалғасып отырған қызметтің құнсыздануынан болған залалдар (қорлардың құнсыздануын қоса алғанда) құнсызданған активтің функцияларына сәйкес келетін шығыстардың сол санаттарының құрамындағы пайда мен залал туралы есепте танылады.

в) Қаржы активтері

Бастапқы тану және бағалау

Бастапқы тану кезінде қаржы активтері кейіннен амортизацияланған құн бойынша, басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша және пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі.

Бастапқы тану кезінде қаржы активтерін жіктеу шартта көзделген қаржы активі бойынша ақша ағындарының сипаттамаларына және осы активтерді басқару үшін Қоғам қолданатын бизнес-модельге байланысты болады. Қаржыландырудың елеулі құрауышын қамтымайтын немесе оған қатысты Қоғам практикалық сипаттағы жеңілдетуді қолданған саудалық дебиторлық берешегін қоспағанда, Қоғам бастапқыда қаржы активтерін келу немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржы активтері жағдайында ұлғайтылған әділ құн бойынша мәміле бойынша шығындар сомасына бағалайды.

Қаржыландырудың елеулі компоненті жоқ немесе оған қатысты Қоғам практикалық сипаттағы жеңілдетуді қолданған саудалық дебиторлық берешегі ХҚЕС (IFRS) 15 «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім» сәйкес айқындалған мәміле бағасы бойынша бағалайды.

Қаржылық активті амортизацияланған құн бойынша немесе басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша жіктеуге және бағалауға мүмкіндік беру үшін осы активтің шарттық талаптары борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне «борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебіне ғана төлемдер» болып табылатын ақша ағындарын алуға негізделуі қажет. Мұндай бағалау SPPI-тест деп аталады және әрбір құрал деңгейінде жүзеге асырылады.

Қоғам қаржы активтерін басқару үшін пайдаланатын бизнес-модель Қоғам ақша ағынын генерациялау мақсатында өзінің қаржы активтерін басқаратын тәсілді сипаттайды. Бизнес-модель ақша ағындарының шартта көзделген ақша ағындарын алудың, қаржы активтерін сатудың немесе екеуінің де салдары болатынын айқындайды.

Белгілі бір нарықта қабылданған заңнамада немесе ережелерде («стандартты шарттарда» сауда) белгіленген мерзімде активтерді жеткізуді талап ететін қаржы активтерін сатып алу немесе сату жөніндегі барлық мәмілелер мәміле жасалған күні, яғни Қоғам өзіне актив сатып алу немесе сату міндеттемесін қабылдаған күні танылады.

Қоғамның қаржы активтері ақша қаражаты мен олардың баламаларын, банктік сыйақыларды, саудалық дебиторлық берешегіне, облигацияларға инвестицияларды қамтиды.



Кейінгі бағалау

Кейіннен бағалау максаттары үшін қаржы активтері төрт санатқа жіктеледі:

- Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- Жинақталған пайдалар мен залалдарды кейіннен қайта жіктей отырып, басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- Ұйымның қалауы бойынша басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде жіктелген қаржылық активтер, кейіннен тану тоқтатылған кезде жинақталған пайдалар мен залалдарды қайта жіктемей (үлестік құралдар);
- Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері

Бұл санат Қоғам үшін неғұрлым орынды болып табылады. Егер мынадай екі шарт да орындалса, Қоғам қаржы активтерін амортизацияланған құн бойынша бағалайды:

- Қаржы активі бизнес-модель шеңберінде ұсталады, оның мақсаты шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін қаржы активтерін ұстап қалу болып табылады; және
- Қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндері борыштың негізгі сомасының есебіне төлемдер және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар болып табылатын ақша ағындарын алуға себепші болады.

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтері кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып бағаланады және оларға құнсыздануға қатысты талаптар қолданылады. Пайда немесе залал активті тану, оны түрлендіру немесе құнсыздану тоқтатылған жағдайда пайда немесе залал құрамында танылады.

Әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып бағаланады және оларға құнсыздануға қатысты талаптар қолданылады. Пайда немесе залал активті тану, оны түрлендіру немесе құнсыздану тоқтатылған жағдайда пайда немесе залал құрамында танылады. Қоғам амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына саудалық дебиторлық берешегін, облигацияларға инвестицияларды және кредиттік мекемелердегі қаражатты (банк салымдары, ақша қаражаты және олардың баламалары) жатқызады.

Қоғам барлық қаржы активтерін амортизацияланған құн бойынша ескереді.

Тануды тоқтату

Қаржылық актив (немесе қолданылатын жерде - қаржы активінің бір бөлігі немесе ұқсас қаржы активтері тобының бір бөлігі), егер:

- Активтен ақша ағынын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Қоғам активтен ақша ағынын алуға өзінің құқықтарын берді не үшінші тарапқа алынатын ақша ағындарын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша елеулі кідіріссіз төлеу жөніндегі міндеттемені өзіне алса; және
- Не (а) Қоғам активтен түскен барлық тәуекелдер мен пайданы іс жүзінде берсе, не (б) Қоғам қайта бөлген жоқ, бірақ активтен түскен барлық пайданы өзінде сақтамайтын болса, бірақ осы активке бақылауды берсе, тануды тоқтатады (яғни Қоғамның бухгалтерлік балансынан алып тасталады).

Егер Қоғам активтен ақша ағынын алуға өзінің барлық құқықтарын берсе немесе транзиттік келісім жасаса, ол оның меншік құқығымен байланысты тәуекелдер мен пайданы сақтап қалғанын және егер болса, онда қандай көлемде екенін бағалайды. Егер Қоғам активтен түскен барлық тәуекелдер мен пайданы бермесе, сондай-ақ активті бақылауды бермесе, Қоғам берілген активке өзінің қатысуын жалғастыратын дәрежеде берілген активті мойындауды жалғастырады.

Бұл жағдайда Қоғам да тиісті міндеттемені таниды. Берілген актив және тиісті міндеттемелер Қоғам сақтаған құқықтар мен міндеттемелерді көрсететін негізде бағаланады. Берілген актив бойынша кепілдік нысанын қабылдайтын жалғасатын қатысу мынадай шамалардың ең азы бойынша танылады: активтің бастапқы баланстық құны немесе төленуі Қоғамнан талап етілуі мүмкін өтемнің ең жоғары сомасы.



Қаржы активтерінің құнсыздануы

Қоғам пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын барлық борыштық құралдарға қатысты күтілетін кредиттік залалдарға (ККЗ) арналған бағалау резервін таниды. ККЗ шартқа сәйкес тиесілі ақша ағындары мен Қоғам алуды күтетін барлық ақша ағындары арасындағы айырмашылық негізінде есептеледі, бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оның шамамен мәнін пайдалана отырып дисконтталған.

Саудалық және өзге де дебиторлық берешекке қатысты Қоғам стандартта көзделген оңайлатылған тәсілді қолданды және күтілетін кредиттік залалдарды бүкіл мерзім ішінде есептеді. Қоғам қарыз алушылар үшін ерекше болжамды факторларды және жалпы экологиялық жағдайларды ескере отырып түзетілген кредиттік залалдардың туындау тәжірибесіне сүйене отырып, бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланды. Басқа борыштық қаржы активтері, оның ішінде берілген қарыздар жағдайында күтілетін кредиттік залалдар 12 ай үшін есептеледі. 12 айлық күтілетін кредиттік залалдар - бұл есепті күннен кейін 12 ай ішінде мүмкін болатын қаржы құралы бойынша дефолттар салдарынан туындайтын күтілетін кредиттік залалдарды білдіретін бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдардың бір бөлігі. Алайда, бастапқы тану сәтінен бастап қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекел айтарлықтай ұлғайған жағдайда шығындарға арналған бағалау резерві бүкіл мерзім үшін күтілетін кредиттік залалдарға тең сомада бағаланады.

2) Қаржылық міндеттемелер

Бастапқы тану және бағалау

Қаржылық міндеттемелер бастапқы тану кезінде пайда немесе залал, кредиттер және қарыз алу, кредиторлық берешек немесе туынды құралдар арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Барлық қаржылық міндеттемелер бастапқы кезде мәміле бойынша олармен тікелей байланысты шығындарды шегергенде (қарыздар, кредиторлық берешек жағдайында) әділ құн бойынша танылады.

Қоғамның қаржылық міндеттемелері сауда және басқа да кредиторлық берешекті қамтиды.

Келесі бағалау

Кейінгі бағалау мақсаттары үшін қаржылық міндеттемелер мынадай екі санатқа жіктеледі:

- Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер;
- Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер (кредиттер және қарыздар).

Саудалық және өзге де кредиторлық берешек

Саудалық кредиторлық берешегі бастапқыда әділ құн бойынша көрсетіледі және кейіннен бастапқы құн бойынша бағаланады. Қаржылық міндеттемені бухгалтерлік баланста тану, егер міндеттеме өтелген, күші жойылған немесе оның қолданылу мерзімі өткен болса, тоқтатылады. Егер қолда бар қаржылық міндеттеме нақ сол кредитордың алдындағы елеулі өзгеше шарттармен басқа міндеттемемен алмастырылса немесе егер бар міндеттеменің талаптары айтарлықтай өзгерсе, мұндай ауыстыру немесе өзгерістер бастапқы міндеттемені тануды тоқтату және жаңа міндеттемені танудың басталуы ретінде ескеріледі, ал олардың баланстық құнындағы айырма пайда мен залал туралы есепте танылады.

Қаржы құралдарының әділ құны

Әрбір есепті күнге белсенді нарықтарда саудасы жүзеге асырылатын қаржы құралдарының әділ құны нарықтық баға белгілеулерге немесе дилерлердің баға белгілеулеріне (ұзақ позициялар үшін сатып алуға баға белгілеу және қысқа позициялар үшін сатуға баға белгілеу) сүйене отырып, мәміле бойынша шығындарды шегерусіз айқындалады.

Белсенді нарықта саудасы жүзеге асырылмайтын қаржы құралдары үшін әділ құн бағалаудың тиісті әдістемелерін қолдану жолымен айқындалады. Мұндай әдістемелер жақында коммерциялық негізде жүргізілген мәмілелердің бағаларын пайдалануды, ұқсас құралдардың ағымдағы әділ құнын пайдалануды қамтуы мүмкін; дисконтталған ақша ағынын талдау не бағалаудың басқа да модельдері.



Әдетте бастапқы тану кезінде қаржы құралының әділ құнының үздік куәгері мәміле бағасы, яғни төленген немесе алынған өтемнің әділ құны болып табылады. Егер Қоғам бастапқы тану кезінде әділ құн мәміле бағасынан ерекшеленетінін және әділ құн ұқсас актив немесе міндеттеме үшін активтік нарықтағы ағымдағы баға белгілеулермен расталмайтынын және тек қана бақыланатын бастапқы деректерді пайдаланатын бағалау әдістеріне негізделмейтінін анықтаса, қаржы құралы бастапқы тану кезінде әділ құн және мәміле бағасы арасындағы айырмасын жолға қою үшін түзетілген әділ құн бойынша бастапқы бағаланады. Бастапқы танудан кейін айырмашылық пайда немесе залал құрамында құралдың бүкіл өмір сүру мерзімі ішінде тиісті түрде, бірақ бағалау бақыланатын бастапқы деректермен толық расталатын немесе операция аяқталған сәттен кешіктірілмей көрсетіледі.

Тануды тоқтату

Егер міндеттеме өтелсе, жойылса немесе оның қолданылу мерзімі аяқталса, қаржылық міндеттемені тану тоқтатылады.

Егер қолда бар қаржылық міндеттеме нақ сол кредитордың алдындағы басқа міндеттемемен айтарлықтай өзгеше шарттарда ауыстырылса немесе егер бар міндеттеменің талаптары айтарлықтай өзгерсе, мұндай ауыстыру немесе өзгерістер бастапқы міндеттемені тануды тоқтату және жаңа міндеттемені танудың басталуы ретінде ескеріледі, ал олардың баланстық құнындағы айырма пайда немесе залал құрамында танылады.

Қаржы құралдарын өзара есепке алу

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер өзара есеп айырысуға жатады, ал нетто-сума танылған сомалардың өзара есеп айырысу құқықтарын заңдық қорғаудың қазіргі сәтінде қамтамасыз етілген, сондай-ақ нетто-негізде есеп айырысу не активтерді өткізу және сонымен бір мезгілде міндеттемелерді өтеу ниеті болған кезде бухгалтерлік баланста табыс етіледі.

д) Қорлар

Қорлар нақты өзіндік құны және сатудың таза бағасы сияқты екі шаманың ең азы бойынша есепке алынады.

Қорлардың бастапқы құны қорларды орнына жеткізуге және оларды ағымдағы жағдайға келтіруге байланысты әдеттегі қызмет барысында шеккен барлық шығындарды қамтиды.

Сатудың таза ықтимал бағасы өндірісті аяқтауға арналған есептік шығындарды және сатуға арналған есептік шығындарды шегергендегі кәдімгі қызмет барысында есептік баға ретінде айқындалады.

Қорлардың өзіндік құны орташа өлшенген құн әдісін пайдалана отырып айқындалады.

е) Ақша қаражаты және ақша баламалары

Ақша қаражаты және олардың баламалары талап етілгенге дейінгі банк шоттарындағы ақша қаражатын және шартқа сәйкес бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын басқа да қысқа мерзімді өтімділігі жоғары инвестицияларды қамтиды.

Кредиттік мекемелердегі ақша қаражатының бухгалтерлік балансында бастапқы өтеу мерзімі бір жылға дейін болады.

«Кері РЕПО» мәмілелері

Кері сату міндеттемесі бар келісімдер шеңберінде сатып алынған бағалы қағаздар (бұдан әрі - «кері РЕПО мәмілелері») «Ақша қаражаты және олардың баламалары» бабы бойынша көрсетіледі. Сатып алу бағасы мен кері сату бағасы арасындағы айырма пайыздық кірісті білдіреді және сыйақының тиімді мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, «Кері РЕПО» мәмілесінің қолданылу кезеңі ішінде есептеледі.



ө) Резервтер

Егер Қоғамның өткен оқиға нәтижесінде туындайтын ағымдағы міндеттемесі (заңдық немесе практикадан туындайтын) болса, резервтер танылады; осы міндеттемені өтеу үшін талап етілетін экономикалық пайданың кетуі ықтимал болып табылады және осындай міндеттеменің сомасына сенімді баға алынуы мүмкін. Егер Қоғам резерв өтемін алуды көздесе, онда өтем жеке актив ретінде, бірақ өтем алу күмән туғызбайтын жағдайда ғана танылады. Резервке жататын шығыс өтеуді шегергендегі пайда мен залал туралы есепте көрсетіледі. Егер ақшаның уақытша құнының әсері елеулі болып табылса, резервтер ағымдағы уақытша ақша құнының нарығын, сондай-ақ мүмкіндігінше міндеттемеге қатысты тәуекелдерді көрсететін салықтар төленгенге дейінгі мөлшерлеме бойынша болашақ ақша ағындарын дисконттау жолымен айқындалады. Дисконттауды пайдаланған кезде уақыт өткен соң резервтегі ұлғаю қаржылық шығындар ретінде танылады.

жс) Жалға алу

Шарт жасасу сәтінде Қоғам келісімнің жалға алу болып табылатындығын немесе оның жалдау белгілерін қамтитындығын бағалайды. Басқаша айтқанда, Қоғам шарттың белгілі бір уақыт кезеңі ішінде сәйкестендірілген активтің пайдаланылуын бақылау құқығын өтеуге айырбастауға беретінін анықтайды.

Қоғам жалға алушы ретінде

Қоғам құны төмен активтерді қысқа мерзімді жалдау мен жалдауды қоспағанда, барлық жалдау шарттарын тануға және бағалауға бірыңғай тәсілді қолданады. Қоғам жалдау төлемдерін жүзеге асыруға қатысты жалдау жөніндегі міндеттемелерді және базалық активтерді пайдалану құқығын білдіретін пайдалану құқығы нысанындағы активтерді таниды.

Пайдалану құқығы нысанындағы активтер

Қоғам жалдау басталған күнге (яғни базалық актив пайдалану үшін қолжетімді болатын күнге) пайдалану құқығы нысанындағы активтерді таниды. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер жинақталған амортизацияны және құнсызданудан жинақталған залалдарды шегергенде, жалдау бойынша міндеттемелерді қайта бағалауға түзетумен бастапқы құны бойынша бағаланады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтердің бастапқы құны жалдау бойынша танылған міндеттемелердің шамасын, жалдау басталған күні немесе осындай күнге дейін жүргізілген бастапқы тікелей шығындар мен жалдау төлемдерін қамтиды. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер мынадай кезеңдердің неғұрлым қысқа мерзімі ішінде желілік әдіспен амортизацияланады: жалдау мерзімі немесе активтерді ұтымды пайдаланудың болжамды мерзімі. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер де құнсыздану мәніне тексеріледі.

Жалдау бойынша міндеттемелер

Жалдау басталған күні Қоғам жалдау мерзімі ішінде жүзеге асырылуы тиіс жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша бағаланатын жалдау жөніндегі міндеттемелерді таниды. Жалдау төлемдері жалға алу бойынша кез келген ынталандыру төлемдерін шегергендегі тіркелген төлемдерді (оның ішінде мәні бойынша тіркелген төлемдерді), ауыспалы жалдау төлемдерін қамтиды. Индекске немесе мөлшерлемеге байланысты және тарату құнының кепілдіктері бойынша төленетін сомалар. Егер Қоғам осы опционды орындайтынына жеткілікті сенім болса, жалға алу төлемдері сатып алуға опционды орындау бағасын және жалға беруді тоқтатқаны үшін айыппұлдарды төлеуді қамтиды. Индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді емес ауыспалы жалдау төлемдері осындай төлемдерді жүзеге асыруға әкелетін оқиға немесе шарт басталатын кезеңде шығыстар ретінде (олар қорларды өндіру үшін жұмсалған жағдайлардан басқа) танылады. Жалдау төлемдерінің келтірілген құнын есептеу үшін Қоғам жалдау басталған күнге қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдаланады, өйткені жалдау шартында кепілге қойылған пайыздық мөлшерлеме оңай айқындалмайды. Жалдау басталған күннен кейін жалдау бойынша міндеттемелердің шамасы пайыздардың есептелуін көрсету үшін ұлғайтылады және жүзеге асырылған жалдау төлемдерін көрсету үшін азайтылады.

Қысқа мерзімді жалдау және құны төмен активтерді жалдау

Қоғам өзінің қысқа мерзімді жалдау шарттарына (яғни жалдау басталған күні жалдау мерзімі 12 айдан аспайтын және базалық активті сатып алуға опционы жоқ шарттарға) қысқа мерзімді жалдауға қатысты танудан босатуды қолданады. Қоғам сондай-ақ құны төмен деп есептелетін жалдау шарттарына құны төмен активтерді жалға алуға қатысты танудан босатуды қолданады. Құны төмен активтерді қысқа мерзімді жалдау және жалдау бойынша жалдау төлемдері мерзім ішінде желілік әдістермен шығыстар ретінде танылады.

Қоғам жалға беруші ретінде

Қоғамда активті иеленуге байланысты барлық тәуекелдер мен пайда қалатын жалдау операцияның жалдау ретінде жіктеледі. Пайда болатын жалдау табысы жалдау мерзімі ішінде желілік әдіспен есепке алынады.



және өзінің операциялық сипатына байланысты пайда немесе залал туралы есепте түсімге қосылады. Операциялық жалдау шартын жасасу кезінде шеккен бастапқы тікелей шығындар жалға берілген активтің баланстық құнына енгізіледі және жалдау мерзімі ішінде жалға беруден түскен табыс сияқты негізде танылады. Шартты жалдау ақысы ол алынған кезеңде түсімнің құрамында танылады.

з) Жұмыскерлерге сыйақылар

Жұмыскерлерге сыйақылар жұмыскерлерге жалақы, әлеуметтік қамсыздандыруға арналған жарналар, жыл сайынғы ақылы демалыс және науқастануы туралы ақы төленетін демалыс, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген өтемақылар мен кепілдіктер, сондай-ақ сенімді нысандағы сыйақылар және басқа да төлемдер сияқты қысқа мерзімді сыйақыларды қамтиды.

Қоғам жұмыскерлерге жұмыскердің көрсеткен қызметтеріне айырбастау үшін төленуге тиіс қысқа мерзімді сыйақылардың дисконтталмаған шамасын таниды.

и) Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім

Қоғамның қызметі келесі жұмыстардың және қызметтердің негізгі түрлерін орындаумен байланысты:

- Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарды, сондай-ақ ақпараттың сервистік моделін іске асыру қағидаларын сақтауды қамтамасыз ету;
- Уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы объектілеріне жүйелік-технологиялық қызмет көрсетуді және сүйемелдеуді жүзеге асыру;
- Ақпараттық-коммуникациялық қызметтер каталогына сәйкес «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы базасында мемлекеттік органдарға ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету;
- Мемлекеттік органдарға, олардың ведомстволық бағынысты ұйымдарына, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, сондай-ақ уәкілетті орган айқындаған және мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасына қосылған өзге де ақпараттандыру субъектілеріне олардың электрондық ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелерінің жұмыс істеуі үшін байланыс қызметтерін көрсету және т.б.

Қызметтің негізгі түрлеріне қатысты түсім белгілі бір уақыт кезеңі ішінде (мерзімді негізде) танылады, өйткені кезең ішінде түсімді тану үшін өлшемдер орындалады, яғни сатып алушы бір мезгілде Қоғам ұсынатын пайданы алады және тұтынады.

Қоғам сатып алушылармен жасасқан шарттар, әдетте, орындауға бір не бірнеше міндеттерді қамтиды, олар бір ғана уақытша негізде көрсетіледі. Қоғамда ауыспалы өтемнің әсері жоқ, себебі шартта орындалуға жекелеген міндеттер (мысалы, сатып алушылардың адалдығы бағдарламасы бойынша берілетін кепілдіктер, жүлде балдары) болуы мүмкін, оларға мәміле бағасының бір бөлігін бөлу қажет болатын басқа да уәделер көзделмеген.

Әдетте, Қоғам қызметтерді ұсынғаннан кейін сатып алушылардан төлемдер алады. Сирек жағдайларда Қоғам қысқа мерзімді аванстық төлемдер алады. ХҚЕС (IFRS) 15-те көзделген практикалық сипаттағы жеңілдетуді пайдалану нәтижесінде Қоғам, егер шарт жасасу сәтінде сатып алушыға уәде берілген қызметті беру мен осындай қызметті сатып алушының ақы төлеу арасындағы кезең бір жылдан аспайды деп күтсе, қаржыландырудың елеулі компонентінің әсерін ескере отырып, өтеудің уәде берілген сомасын түзетпейді.

Шарт бойынша активтер

Шарт бойынша актив Қоғамның сатып алушыға берілген қызметтерге айырбастап өтем алу құқығы болып табылады. Егер Қоғам сатып алушы өтем жүргізгенге дейін немесе өтем төленуге жататын кезге дейін сатып алушыға қызмет көрсетуді берсе, онда шартты болып табылатын алынған өтемге қатысты шарт бойынша актив танылады.



Саудалық дебиторлық берешек

Дебиторлық берешек Қоғамның өтем алу құқығын береді, ол сөзсіз болып табылады (яғни мұндай өтем төленуге жататын сәттің басталуы уақыт ағымымен ғана байланысты). Қаржы активтеріне қатысты есеп саясаты ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары» бөлімінде қаралады.

Шарт бойынша міндеттемелер

Шарт бойынша міндеттемелер – Қоғам сатып алушыдан өтем алатын (не алған) қызметтерді (тауарларды) сатып алушыға беру міндеті. Егер сатып алушы өтемді Қоғам қызметті сатып алушыға бермес бұрын төлесе, шарт бойынша міндеттеме төлемді жүзеге асыру сәтінде немесе төлем төлеуге жататын сәтте (бұрын болған жағдайға байланысты) танылады. Шарт бойынша міндеттемелер Қоғам шарт бойынша өз міндеттерін орындаған кезде пайда ретінде танылады.

й) Қаржылық кірістер/шығыстар

Амортизацияланған құн бойынша және әділ құн бойынша пайда немесе залал арқылы бағаланатын, сондай-ақ өзге жиынтық табыс, пайыздық кіріс немесе шығыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын барлық қаржы құралдары бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып танылады.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл қаржы құралын пайдаланудың болжамды мерзімі ішінде немесе егер бұл орынды болса, қаржы активінің немесе міндеттеменің таза баланстық құнына дейінгі ұзақ кезеңнен аз мерзімде күтілетін болашақ төлемдерді немесе ақша қаражатының түсуін дәл дисконттайтын мөлшерлеме. Пайыздық кіріс пайда мен залал туралы есепте қаржылық кіріс ретінде көрсетіледі.

к) Ағымдағы табыс салығы

Ағымдағы табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер салық органдарынан өтеуге немесе салық органдарына төлеуге болжанатын сома бойынша бағаланады.

Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы - Қоғам өз қызметін жүзеге асыратын және салық салынатын табыс алатын Қазақстан Республикасында жеке күні қабылданған немесе нақты қабылданған мөлшерлемелер мен заңнама.

Тікелей меншікті капиталда танылған бапқа жататын ағымдағы табыс салығы пайда мен залалдарда емес, меншікті капитал құрамында танылады. Қоғам басшылығы оларға қатысты тиісті салық заңнамасы әртүрлі түсіндірілуі мүмкін салық декларацияларында көрсетілген позицияларды бағалауды кезең-кезеңмен жүзеге асырады және қажеттілігіне қарай резервтер құрады.

л) Өзге де кірістер мен шығыстар

Өзге кірістерге активтердің шығуынан түскен кірістер, бағамдық айырмадан түскен кірістер, басқа да кірістер (айыппұлдар, өсімпұлдар, қаржы активтері бойынша құнсызданудан болған залалды қалпына келтіруден түскен кірістер) түріндегі кірістер жатады.

Шығыстар пайда болуына қарай танылады және олар жатқызылған кезеңдегі қаржылық есептілікте есептеу әдісі негізінде көрсетіледі. Шығыстар кіріс алу үшін қажетті шығыстарды (өзіндік құнға енгізілетін шығыстарды), жалпы және әкімшілік шығыстарды, өткізу бойынша шығыстарды, сыйақылар бойынша шығыстарды, Қоғамның әдеттегі қызметі барысында туындайтын өзге де шығыстарды қамтиды.

м) Кейінге қалдырылған салық

Кейінге қалдырылған салық есепті күнгі қаржылық есептілік мақсаттары үшін активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың баланстық құны арасындағы жауап күнгі уақытша айырмашылықтарды айқындау жолымен міндеттемелер әдісі бойынша есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері барлық салық салынатын уақытша айырмалар бойынша танылады, бұған мынадай жағдайлар кірмейді:

- Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі бизнесті біріктіру болып табылмайтын мәміле барысында гудвиллді, активті немесе міндеттемені бастапқы тану нәтижесінде туындаса және операция жасау сәтінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға немесе залалға да әсер етпесе; немесе



- Егер уақытша айырманы азайту уақытында бөлуді бақылауға болатын болса, еншілес ұйымдарға инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен қызметке қатысу үлестерімен байланысты салық салынатын уақытша айырмашылықтарға қатысты және уақытша айырмашылық жақын болашақта азайтылмайды деген едәуір ықтималдық бар.

Кейінге қалдырылған салық активтері барлық шегерілетін уақытша айырмалар, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық шығындары бойынша салық салынатын пайданың болуының елеулі ықтималдығы бар дәрежеде танылады, оған қарсы шегерілетін уақытша айырмалар, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық шығындары есепке алынуы мүмкін:

- Шегерілетін уақытша айырмаға жататын кейінге қалдырылған салық активі бизнесті біріктіру салдарынан туындамаған активті немесе міндеттемені бастапқы тану нәтижесінде туындаған кезде және операция жасалған сәтте бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға немесе залалға да әсер етпейді; және
- Еншілес ұйымдарға, қауымдасқан компанияларға түсіндірулерге, сондай-ақ бірлескен қызметке қатысу үлестеріне байланысты шегерілетін уақытша айырмашылықтарға қатысты кейінге қалдырылған салық активтері уақытша айырмалардың жақын болашақта пайдаланылуы ықтималдығы бар және оған қарсы уақытша айырмалар пайдаланылуы мүмкін салық салынатын пайда орын алатын дәрежеде ғана танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есепті күнге қайта қаралады және кейінге қалдырылған салық активтерінің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын пайдаға қол жеткізу ықтимал емес деп бағаланатын дәрежеде төмендетіледі. Танылмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күнге қайта қаралады және болашақ салық салынатын пайда кейінге қалдырылған салық активтерін пайдалануға мүмкіндік беретіндей дәрежеде танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері актив сатылатын, ал міндеттеме өтелген есепті жылы есепті күнгі жағдай бойынша қабылданған немесе нақты қабылданған салық мөлшерлемелері (және салық заңнамасы) негізінде қолданылатын салық мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Пайданың немесе залалдың құрамында емес деп танылған баптарға қатысты кейінге қалдырылған салық та пайданың немесе залалдың құрамында танылмайды. Кейінге қалдырылған салықтардың баптары олардың негізінде өзге жиынтық кіріс құрамындағы не тікелей меншікті капиталдағы операцияларға сәйкес танылады.

Егер ағымдағы салық активтері мен міндеттемелерін есепке жатқызудың заңды бекітілген құқығы болса және кейінге қалдырылған салықтар бір ғана салық салынатын компанияға және салық органына жатса, кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері бір-біріне қарсы есептеледі.

ii) Қосылған құн салығы (ҚҚС)

Сату бойынша ҚҚС тауарларды тиеп жөнелту немесе қызмет көрсету сәтінде бюджетке төленуге тиіс. Сатып алу бойынша ҚҚС жеткізушіден салықтық шот-фактураны алған кезде сату бойынша ҚҚС-мен есепке жатқызылады.

Активтерді немесе қызметтерді сатып алу бойынша туындайтын ҚҚС салық органы өтемейтін жағдайларды қоспағанда, түсім, шығыстар мен активтер ҚҚС сомасын шегергенде танылады; бұл жағдайда ҚҚС тиісінше активті сатып алу шығындарының бір бөлігі немесе шығыстар бабының бір бөлігі ретінде танылады.

Салық заңнамасы нетто-негізде ҚҚС бойынша бюджетпен есеп айырысуды жүргізуге рұқсат береді. Тиісінше есепті күні есеп айырысулар жүзеге асырылмаған сату және сатып алу бойынша ҚҚС бухгалтерлік баланста нетто-негізде көрсетіледі.

Дебиторлық және кредиторлық берешектер ҚҚС сомасын ескере отырып көрсетіледі.

Салық органы өтейтін немесе оған төленетін ҚҚС таза сомасы өтеуге және басқа салықтар бойынша алдын ала төлеуге ҚҚС құрамына, сондай-ақ бухгалтерлік баланста көрсетілген төленуге жататын өзге де салықтардың құрамына енгізіледі.

o) Акционерлік капитал

Жай акциялар

Жай акциялар меншікті капитал ретінде жіктеледі. Жай акциялар мен акцияларға опциондарды шығаруға тікелей байланысты қосымша шығындар меншікті капитал шамасынан шегерім ретінде салық төлеуінің ескере отырып көрсетіледі.



Дивидендтер

Қоғам ақша қаражатын және ақшалай емес активтерді бөлу Қоғамның қалауы болып табылмайтын жағдайда негізгі ұйымның акционерлеріне бөлуге қатысты міндеттемені таниды. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бөлуді акционерлер бекітеді. Тиісті сома тікелей меншікті капитал құрамында танылады.

Ақшалай емес активтерді бөлу сәтінде міндеттеменің баланстық құны мен бөлінген активтердің баланстық құны арасындағы айырма пайда мен залал туралы есепте танылады.

Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есепті күнге дейін ұсынылса, сондай-ақ есепті күннен кейін, бірақ қаржылық есептілікті шығаруға бекіту күніне дейін ұсынылған немесе бекітілген (жарияланған) болса, есепте ашылады.

п) Байланысты тараптар

Байланысты тараптар Қоғамның Жалғыз акционерін, негізгі басқарушы персоналды және дауыс беретін акциялардың қомақты үлесі Қоғамның Жалғыз акционеріне немесе негізгі басқарушы персоналына тікелей немесе жанама тиесілі ұйымды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі бақылайтын ұйымдарды қамтиды (26-ескертпе).

Қаржылық есептілікті пайдаланушылар байланысты тараптар арасындағы өзара қарым-қатынастардың әсері туралы пікір жасай алуы үшін Қоғамда осы байланысты тараптар арасындағы операциялардың жүзеге асырылғанына қарамастан бақылау болған жағдайларда байланысты тараптар арасындағы өзара қарым-қатынастар туралы ақпарат ашылады.

р) Есепті күннен кейінгі оқиғалар

Есепті жыл аяқталғаннан кейін болған, қаржылық есептілікті дайындау күні болған шарттардың дәлелдемесін ұсынатын оқиғалар (түзетуші оқиға) қаржылық есептілікте көрсетіледі. Есепті жыл аяқталғаннан кейін болған және түзетуші оқиғалар болып табылмайтын оқиғалар, егер олар елеулі болып табылса, есептілікке ескертпелерде ашылады.

с) Шартты міндеттемелер мен шартты активтер

Шартты міндеттемелер қаржылық есептілікте танылмайды. Мұндай міндеттемелер туралы деректер экономикалық пайданы құрайтын ресурстар ықтимал емес болып табылатын жағдайларды қоспағанда, қаржылық есептілікке ескертпелерде ашылады.

Шартты активтер қаржылық есептілікте көрсетілмейді. Егер осындай активтерге байланысты экономикалық пайда алудың жеткілікті ықтималдығы болған жағдайда, көрсетілген активтер туралы деректер ескертпелерде ашылады.

4. БАҒАЛАУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЕЛЕУЛІ ПАЙЫМДАУЛАР ЖӘНЕ БЕЛГІСІЗДІКТІҢ НЕГІЗГІ КӨЗДЕРІ.

Қоғамның қаржылық есептілігін дайындау оның басшылығынан пайымдаулар шығаруды және есептілікте табыс етілетін түсім, шығыстар, активтер мен міндеттемелер сомасына, сондай-ақ шартты міндеттемелер туралы ақпаратты ашуға әсер ететін есепті кезеңнің соңына бағалау мәндері мен жорамалдарды айқындауды талап етеді. Алайда осы жорамалдар мен бағалау мәндеріне қатысты белгісіздік болашақта активтің немесе міндеттемелердің баланстық құнына елеулі түзетулерді талап етуі мүмкін нәтижелерге әкелуі мүмкін, оларға қатысты осындай жорамалдар мен бағалаулар қабылданады.

а) Бағалау мәндері және жорамалдар

Келесі қаржы жылы ішінде активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын елеулі түзетуге себеп болуы мүмкін есепті күнгі бағалаулардағы болашақ туралы негізгі жол берулер және өзге де негізгі белгісіздік көздері төменде қаралады. Қоғамның жорамалдары мен бағалау мәндері қаржылық есептілікті дайындау сәтінде оның бастапқы деректеріне негізделген. Алайда, келешекке қатысты ағымдағы жағдайлар мен жорамалдар нарықтық өзгерістерге немесе Қоғамның бақылауында болмайтын жағдайларға байланысты өзгеруі мүмкін. Мұндай өзгерістер жорамалдарда олардың қалай болуына қарай көрініс табады.

б) Қаржы активтерін тану және құнсыздану

Қоғам қаржы активтерінің құнсыздануы бойынша резервті есептеу кезінде ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары» талаптарына сәйкес күтілетін кредиттік залалдар моделін қолданады.

Саудалық және өзге де дебиторлық берешекке қатысты Қоғам стандартта көзделген сәйкестілік тәсілді қолданды және күтілетін кредиттік залалдарды сол мерзімге есептеді. Қоғам қарыз алушылар үшін ерекше



болжамды факторларды және жалпы экономикалық жағдайларды ескере отырып түзетілген кредиттік залалдардың туындау тәжірибесіне сүйене отырып, бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланды. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құнсыздану бойынша резервтер: 155 129 мың теңге мөлшеріндегі саудлықа дебиторлық берешек бойынша (2023 жылғы 31 желтоқсанда 74 157 мың теңге) № 7 ескертпе.

Кредиттік мекемелердегі есеп айырысу және депозиттік шоттардағы ақша қаражатының құнсыздануына қатысты Қоғам кредиттік тәуекелдерді талдауды және қаржы активтері орналасқан кезеңдерге байланысты құнсызданудан болатын шығындарды есептеуді болжайтын жалпы тәсілді қолданды. ХЖЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары» бойынша резервтерді есептеу әдістемесіне сәйкес жасалған есеп айырысулар негізінде Қоғам 2024 жылғы 31 желтоқсанда кредиттік мекемелердегі есеп айырысу шоттарындағы ақша қаражатының құнсыздануы бойынша 221 мың теңге (2023 жылы 404 мың теңге) мөлшеріндегі резервті таныды, 5-ескертпе.

2019 жылы Қоғам басшылығы кредиттік мекемелердегі депозиттерде орналастырылған ақшалай қаражатқа қатысты құнсыздану бойынша резервтерді тануға/мойындамауға қатысты бағалауды қайта қарады, себебі Қоғам депозит жабылғаннан кейін келесі мерзімге дереу жаңа депозит ашады, кредиттік мекемелердегі депозиттік шоттардағы ақшалай қаражатқа қатысты кредиттік тәуекел сақталады. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық есептілікте осы активтер бойынша 15 369 мың теңге (2023 ж. 11 749 мың теңге) мөлшерінде құнсыздану бойынша резерв танылды, 5-ескертпе.

в) Ұзартуға опционмен жасалған шарт бойынша жалдау мерзімін немесе жалдауды тоқтатуға арналған опционды айқындау – Қоғам жалға алушы ретінде

Қоғам жалға алу мерзімін, егер ол орындалатындығына жеткілікті сенім болса, жалға беру мерзімін ұзартуға опцион көзделген жалға алу кезеңін мерзімінен бұрын тоқтатуға жатпайтын ретінде немесе егер ол орындалмайтындығына жеткілікті сенім болса, жалға алуды тоқтатуға опцион көзделген кезеңдермен айқындайды.

Қоғамда бір жылдан астам мерзімге жер учаскелерін жалға беру шарттары, сондай-ақ жалға беруді тоқтату опционын қамтитын жабдықты жалға берудің бірнеше шарттары бар. Қоғам жалдауды тоқтатуға опционды орындайтындығына жеткілікті сенім бар-жоғын бағалау үшін пайымдауды қолданады. Бұл ретте ол опциондардың кез келгенін орындау үшін экономикалық ынталандырудың туындауына әкелетін барлық орынды факторларды ескереді. Жалға беру басталған күннен кейін Қоғам елеулі оқиға не қоғамның бақылауындағы мән-жайлардың өзгеруі туындаған кезде жалға алу мерзімін қайта бағалайды және оның жалға беруді тоқтатуға опционды орындау (немесе орындамау) қабілетіне әсер етеді (мысалы, жалға алынған мүлікті едәуір жетілдіру немесе жалға алынған активті Қоғамның мұқтажына елеулі түрде бейімдеу).

10-ескертпеде жалдау мерзімін айқындау кезінде ескерілмеген жалдауды тоқтатуға опциондары бар жалдау шарттары туралы толық ақпарат берілген.

з) Жалға алу – қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін айқындау

Қоғам жалдау шартында салынған пайыздық мөлшерлемені оңай анықтай алмайды. Сондықтан ол қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдаланады – бұл Қоғамның ұқсас мерзімге және осыған ұқсас қамтамасыз ету кезінде ұқсас экономикалық жағдайларда пайдалану құқығы нысанындағы активтің ұқсас құнымен актив алу үшін қажетті қарыз қаражатын тартуы мүмкін мөлшерлеме. Осылайша, пайыз есебі есептік бағалауды талап етеді, егер байқалатын мөлшерлемелер жоқ болса, Қоғам Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің осы статистикалық деректері бойынша жалға алу басталған күнгі бақыланатын бастапқы деректерді пайдалана отырып, қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін айқындайды.

д) Мүлікті сенімгерлік басқару шарты

Қоғамға 07.11.2019 жылғы № 2/38 шарт негізінде 5 (бес) жыл мерзімге сатып алу құқығынсыз Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі» мемлекеттік ақпараттық жүйесі сенімгерлік басқаруға берілді. Баланстық құны 105 254 мың теңге «БЭҚАЖ» бағдарламалық өнімін және баланстық құны 2 128 мың теңге лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді қамтитын мүлік Қоғамға 2019 жылғы 15 қарашада берілді. Жасалған сенімгерлік басқару шарты шеңберінде Қоғам платформаны ауыстыру арқылы мемлекеттік органдарды бұлтты құжат айналымына ауыстыруды жүзеге асыруға міндеттенеді.

02.06.2021 жылғы № 2/23/5953 шарт негізінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Электрондық үкіметтің» веб-порталы, «Электрондық үкіметтің шлюзі», «Мобильді үкімет», «Е-лицензиялау» мемлекеттік дерекқоры, «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының» электрондық үкіметтің «Төлем шлюзі» ақпараттық жүйелері 5 (бес) жыл мерзімге сатып алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға берілді. Баланстық құны 3 000 652 6 мың теңге



болатын мүлік Қоғамға 2021 жылғы 4 маусымда берілді. Жасалған сенімгерлік басқару шарты шеңберінде Қоғам ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысына сәйкес Электрондық Үкімет компоненттерін дамыту мақсатында шартпен бекітілетін іс-шараларды қамтамасыз етуге міндеттенеді. Меншік құқығы Қоғамға өтпейтіндіктен, Басшылық осы шарттың шеңберінде алынған активтерді көрсету, қаржылық есептілікте көрсетуді баланстан тыс шоттарда есепке алу туралы шешім қабылдады.

Қоғам 24.02.2023 жылғы № 5 шарт негізінде кейіннен 3 (үш) жылға сатып алу құқығынсыз «Қоршаған ортаны қорғаудың бірінғай ақпараттық жүйесі» ақпараттық жүйесін (бұдан әрі - Платформа) сенімгерлік басқаруға алды. Баланстық құны 591 563 мың теңге мүлік. Жасалған шарт шеңберінде Қоғам Платформа бойынша мониторинг пен жұмыстарды басқаруды өзіне алады. Шарттың орындалу мерзімі 2023-2025 жылдар.

е) Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің пайдалы қызмет мерзімі

Қоғам негізгі құралдар мен амортизацияланатын материалдық емес активтердің пайдалы қызметінің қалған мерзімін, ең болмағанда, әрбір қаржы жылының соңына бағалайды және егер күтулер өзгерістердің алдыңғы бағаларынан өзгеше болса, ХБЕС 8 «Есептік бағалаулардағы өзгерістердің және қателіктердің есептік саясатына» сәйкес есептік бағалаулардағы өзгерістер ретінде ескереді. Бұл бағалаулардың негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің баланстық құнының және пайда мен залал туралы есепте танылған тозудың сомасына елеулі әсері болуы мүмкін.

Ә) Әзірлеу шығындары

Әзірлеуге арналған шығындар Қоғамның есеп саясатына сәйкес капиталдандырылады. Шығындарды бастапқы капиталдандыру басшылықтың технологиялық және экономикалық жүзеге асырылуы мүмкін деген пайымдауына негізделеді, әдетте жоба жобаларды жүзеге асырудың белгіленген моделіне сәйкес белгілі бір сатыға жеткен кезде. Капиталдандырылуы мүмкін сомаларды айқындау үшін басшылық жобадан күтілетін ақша ағындарына, дисконттау мөлшерлемелеріне және пайда алудың күтілетін мерзіміне қатысты жол беруді қабылдайды. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша капиталдандырылған шығындардың теңгерімдік құны 1 273 575 мың теңгені (2023 жылы 373 420 мың теңге) құрады, 12-ескертпе.

ж) Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануы

Әрбір есепті күнге Қоғам активтердің ықтимал құнсыздану белгілерінің болуын айқындайды. Егер мұндай белгі болса, қоғам активтің өтелетін құнын есептейді. Активтің өтелетін құны - бұл сатуға арналған шығыстарды және активті пайдаланудан түскен құндылықтарды шегере отырып, активтің немесе ақша ағынын тудыратын бөлімшенің әділ құнының ең үлкен құны. Өтелетін құн, егер актив негізінен басқа активтер немесе активтер топтары тудыратын ағындарға тәуелсіз ақша қаражатының ағынын туындатпаса, жеке актив үшін айқындалады. Егер активтің баланстық құны оның өтелетін құнынан асып кетсе, актив құнсызданған болып есептеледі және өтелетін құнға дейін есептен шығарылады. Пайдалану құнын бағалау кезінде күтілетін ақша ағындары салық салуға дейінгі дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып, ағымдағы құнға дисконтталады, ол ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағаларын және активтер үшін ерекше тәуекелдерді көрсетеді.

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанында Қоғам қаржылық емес активтердің құнсыздануының қандай да бір белгілері жоқ екенін анықтады.



3) Салық салу

Түрлі қазақстандық заңнамалық актілер мен нормалар әрдайым анық жазыла бермейді. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдары арасында пікір алшақтығы болуы мүмкін. Бұл ретте, салық органдары қосымша салықтарды қосымша есептеген жағдайда айыппұлдар мен өсімпұлдардың қазіргі мөлшерлері елеулі мөлшерде белгіленген; айыппұлдар мөлшері салықты қосымша есептеу сомасының 50%-ын құрайды және өсімпұл мөлшері уақтылы төленбеген салық сомасының Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің 1.25-ін құрайды. Нәтижесінде айыппұлдар мен өсімпұлдар қосымша есептелген салықтардың сомасынан айтарлықтай асып түсуі мүмкін. Жоғарыда көрсетілген белгісіздікке байланысты салықтардың, айыппұл санкцияларының және өсімпұлдардың әлеуетті сомасы, егер мұндай қосымша есептеулер туындаса, осы уақыт бойынша шығыстарға жатқызылған және есепті күнгі жағдай бойынша есептелген сомадан айтарлықтай асып түсуі мүмкін. Бағалаулар мен нақты төленген сомалар арасындағы айырмашылық, егер ондай пайда болса, болашақ операциялық нәтижелерге елеулі әсер етуі мүмкін.

и) Кейінге қалдырылған салықтар

Қоғам Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес есепті кезең өткеннен кейін ғана корпоративтік табыс салығын төлеуді есептеу міндеттерін айқындайды. Кейінге қалдырылған салық қаржылық есептілік мақсаттары үшін активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың баланстық құны арасындағы есепті күнгі уақытша айырмашылықтарды айқындау жолымен баланстық әдіс бойынша есептеледі. Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелерінің баланстық құны әрбір есепті күнге қайта қаралады. Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелерін бағалаудағы өзгерістер пайда мен залал туралы есепте көрсетіледі.

5. АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ағымдағы банктік шоттардағы (KZT) ақша қаражаты мен олардың баламалары былайша берілген:

мың теңгемен	2024 жылғы 31 желтоқсанға	2023 жылғы 31 желтоқсанға
Сатып алу және кері сату шарттары (Кері РЕПО)	17 193 750	27 717 964
Овернайттар	14 100 000	7 800 000
Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты	22 750	51 209
	31 316 500	35 569 173
күтілетін кредиттік залалдар резервін шегеру	(15 590)	(12 153)
	31 300 910	35 557 020

Қоғамның шоттарындағы ақша қозғалысы тікелей әдіспен жасалған әрбір қаржы жылына арналған Ақша қаражатының қозғалысы туралы есептерде берілген.

ХКЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары» стандартына сәйкес есепті күнге қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік залалдарды бағалау жүргізілді (банктердегі шоттардағы ақша қаражатының қалдықтары) және күтілетін кредиттік залал (ККЗ) бойынша 15 590 мың теңге мөлшерінде резерв танылды, оның ішінде депозиттер бойынша 15 369 мың теңге (2023 жылы 12 153 мың теңге, оның ішінде депозиттер бойынша 11 749 мың теңге)

Кезең ішінде күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервтің қозғалысы былайша берілген:

мың теңгемен	2024 жылы	2023 жылы
1 қаңтарда	12 153	5 094
Есептелген	15 590	12 153
Түзетілген	(12 153)	(5 094)
31 желтоқсанда	15 590	12 153

6. ӨЗГЕ ДЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша өзге қысқа мерзімді қаржы активтері (депозиттер бойынша есептелген сыйақылар және кері РЕПО) былайша берілген:

мың теңгемен	2024 жылғы 31 желтоқсанға	2023 жылғы 31 желтоқсанға
РЕПО бағалы қағаздары	-	109 156
		109 156



7. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ САУДАЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша саудалық дебиторлық берешектер былайша берілген:

мың теңгемен	2024 жылғы 31 желтоқсанға	2023 жылғы 31 желтоқсанға
Саудалық дебиторлық берешек	1 057 350	778 276
Басқа дебиторлық берешек	58 972	706 928
	1 116 322	1 485 204
Құнсызданудан болатын шығындарға резервті шегеру	(155 129)	(74 157)
	961 193	1 411 047

Қысқа мерзімді дебиторлық берешектің құнсыздануынан болатын шығындарға арналған бағалау резерві 2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанына арналған резервтер матрицасына сәйкес айқындалады, ол мынадай түрде берілген:

мың теңгемен	2024 жылғы	2023 жылғы
1 қаңтарда	74 157	15 098
Есептелген	155 129	74 157
Есептен шығарылды	(74 157)	(15 098)
31 желтоқсанға	155 129	74 157

8. ҚОРЛАР

мың теңгемен	2024 жылғы 31 желтоқсанға	2023 жылғы 31 желтоқсанға
Шикізат және материалдар	235 576	184 079
Басқа материалдар	53 583	73 682
Отын	26 755	17 861
Қосалқы бөлшектер	14 394	4 711
Жарнама өнімі	295	1 924
	330 603	282 257
Құнсызданудан болатын залалдарға арналған бағалау резервін алу	(12 845)	(14 108)
	317 758	268 149

Тауар-материалдық қорлардың өзіндік құны тауар-материалдық қорларды сатып алу және оларды ағымдағы жай-күйіне және олардың ағымдағы орналасқан жеріне дейін жеткізу кезінде жұмсалған шығыстарды қамтиды.

Қорлардың құнсыздануы бойынша резервтің қозғалысы төменде берілген:

мың теңгемен	2024 жылғы	2023 жылғы
1 қаңтарда	14 108	15 443
Есептен шығарылды	(1 263)	(1 335)
31 желтоқсанға	12 845	14 108

9. ӨЗГЕ ДЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша өзге де ағымдағы активтер былайша берілген:

мың теңгемен	2024 жылғы 31 желтоқсанға	2023 жылғы 31 желтоқсанға
Берілген қысқа мерзімді аванстар	108 167	11 992 608
Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешек	1 204 396	1 517 783
Болашақ кезеңдердің қысқа мерзімді шығыстары	1 348 367	1 087 966
Өзге де салықтар	11 421 667	1 299 644
	14 082 597	15 897 999



«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ
2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер

Болашақ кезеңдердің қысқа мерзімді шығыстары:

мың теңгемен	2024 жылғы 31 желтоқсанға	2023 жылғы 31 желтоқсанға
Лицензияларды ұзартуға жазылу және жабдықтарды техникалық қолдау қызметтері	1 339 848	1 079 396
Автокөлікті сақтандыру	1 312	1 652
Жұмыскерлерді сақтандыру міндеттемелері	7 207	6 128
	1 348 367	1 087 176

Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешек

мың теңгемен	2024 жылғы 31 желтоқсанға	2023 жылғы 31 желтоқсанға
Шағымдар бойынша берешек	32 663	7 207
Жұмыскерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі	17 376	1 185
Басқа дебиторлық берешек	1 154 357	1 509 391
	1 204 396	1 517 783

Басқа дебиторлық берешек төндерге қатысу үшін кепілдік жарналарды қамтиды.

Өзге де салықтар:

мың теңгемен	2024 жылғы 31 желтоқсанға	2023 жылғы 31 желтоқсанға
Өтелетін қосылған құн салығы	11 400 328	1 278 546
Өзге де салықтар және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдер	21 339	21 095
	11 421 667	1 299 641

10. ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫ НЫСАНЫНДАҒЫ АКТИВТЕР/ЖАЛДАУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Қоғамда өз қызметінде пайдаланатын үй-жайларды, жер учаскелерін, жабдықтарды жалға алуға арналған шарттар бар. Үй-жайларды жалға алу мерзімі әдетте 1 жылды құрайды, жер учаскелерін жалға беру мерзімі 1 жылдан 5 жылға дейін, ал жабдықты жалға беру мерзімі 4 жылға дейін. Қоғамның жалдау шарттары бойынша міндеттемелері жалға берушінің жалға алынатын активтерге меншік құқығымен қамтамасыз етілген. Әдетте, Қоғамның жалға алынған активтерді қосалқы жалға беруге немесе тапсыруға құқығы жоқ, жабдықтарды жалдау шарттарында жалға беруді тоқтатуға опциондар болады.

Пайдалану құқығындағы актив бойынша ашу төмендегі кестеде берілген:

мың теңгемен	2024 жылғы 31 желтоқсанға	2023 жылғы 31 желтоқсанға
1 қаңтарда	1 070 009	4 866 232
Жыл ішіндегі есептелген амортизация	(535 001)	(3 796 223)
	535 008	1 070 009

Жалға алу бойынша міндеттемелер есепті кезеңде былайша берілген:

мың теңгемен	2024 жылғы 31 желтоқсанға	2023 жылғы 31 желтоқсанға
1 қаңтарда	1 617 100	5 905 667
Пайыздарды есептеу	120 863	447 496
Төлемдер	(1 077 833)	(4 736 063)
31 желтоқсанға	660 130	1 617 100

Оның ішінде:

мың теңгемен	2024 жылғы 31 желтоқсанға	2023 жылғы 31 желтоқсанға
Қысқа мерзімді	660 130	956 995
Ұзақ мерзімді	-	660 105



«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ
2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер

Пайда және залал туралы есепте көрсетілген шығыстар төмендегі кестеде берілген:

мың теңгемен	2024 жылғы	2023 жылғы
Пайдалану құқығы нысанындағы активтердің амортизациясы бойынша шығыс	535 002	3 796 223
Жалдау бойынша міндеттемелер бойынша пайыздық шығыс	120 863	447 496
Пайданың немесе залалдың құрамында танылған сомалардың жиыны	655 865	4 243 719

22 және 25-ескертпелерді қарау

12 айдан аз мерзімге үй-жайларды жалдауға және құны төмен жер учаскелерін жалдауға қатысты Қоғам құны төмен активтер мен қысқа мерзімді жалдау үшін көзделген танудан босатуды қолданады.

11. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

Мың теңгемен	Ғимарат	Жер	Машиналар мен жабдықтар	Көлік құралдары	Басқалар	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
Бастапқы құны							
2023 жылғы 1 қаңтарға	931 811	24 970	20 956 029	257 083	3 542 219	31 449	25 743 561
Түсім	-	-	11 908 566	168 900	154 831	846 473	13 078 770
Ішкі жылжыту	2 270 192	-	(766 084)	-	(1 504 108)	-	-
Аяқталмаған құрылыстан ауыстырылды	630 718	-	199 504	-	-	(830 222)	-
Сату үшін активтерге аударылды	(8 142)	-	-	-	-	-	(8 142)
Істен шығу	(6 925)	-	(255 730)	-	(449)	-	(263 104)
2023 жылғы 31 желтоқсанға	3 817 654	24 970	32 042 285	425 983	2 192 493	47 700	38 551 085
Түсім	7 308 788	-	99 332 795	-	19 838	673 105	107 334 526
Қызмет ету мерзімін қайта қарауға байланысты құнның ұлғаюы	1 972	-	136 695	12 383	2 637	-	153 687
Сату үшін активтерден аударылды	7 869	-	-	-	-	-	7 869
Аяқталмаған құрылыстан ауыстырылды	-	-	1 332	-	-	(1 332)	-
Істен шығу	-	-	(834 511)	-	(70 968)	-	(905 479)
2024 жылғы 31 желтоқсанға	11 136 283	24 970	130 678 596	438 366	2 144 000	719 473	145 141 688
Есептелген тозу							
2023 жылғы 1 қаңтарға	(209 069)	-	(10 249 903)	(219 728)	(877 597)	-	(11 556 297)
Есептелген амортизация	(298 493)	-	(1 869 949)	(19 174)	(200 216)	-	(2 387 832)
Ішкі жылжыту	(740 704)	-	351 204	-	389 500	-	-
Істен шығу	6 925	-	254 716	-	427	-	262 068
2023 жылғы 31 желтоқсанға	(1 241 341)	-	(11 513 932)	(238 902)	(687 886)	-	(13 682 061)
Есептелген амортизация	(166 276)	-	(6 128 572)	(53 945)	(216 270)	-	(6 565 063)
Істен шығу	-	-	707 278	-	66 215	-	773 493
2024 жылғы 31 желтоқсанға	(1 407 617)	-	(16 935 226)	(292 847)	(837 941)	(19 473 631)	(19 473 631)



«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ
2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер

Баланстық құн							
2023 жылғы 31 желтоқсанға	2 576 313	24 970	20 528 353	187 081	1 504 607	47 700	24 869 024
2024 жылғы 31 желтоқсанға	9 728 666	24 970	113 743 370	145 519	1 306 059	719 473	125 668 057

12. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

Мың теңгемен	Лицензиялар	Бағдарламалық қамтамасыз ету	Капиталдандырылған даму	Жиыны
Бастапқы құны				
2023 жылғы 1 қаңтарға	1 324 623	2 634 586	53 000	4 012 209
Түсім	354 500	958 234	320 420	1 633 154
Істен шығу	(6 963)	(23 959)	-	(30 922)
2023 жылғы 31 желтоқсанға	1 672 160	3 568 861	373 420	5 614 441
Түсім	397 046	2 262 295	1 057 354	3 716 695
Аяқталмаған құрылыстан ауыстырылды	-	104 199	(104 199)	-
Құнсыздану	-	-	(53 000)	(53 000)
Істен шығу	(19 024)	(334 780)	-	(353 804)
2024 жылғы 31 желтоқсанға	2 050 182	5 600 575	1 273 575	8 924 332
Есептелген тозу				
2023 жылғы 1 қаңтарға	(662 137)	(1 618 199)	-	(2 280 336)
Есептелген амортизация	(152 625)	(324 732)	-	(477 357)
Істен шығу	5 415	22 479	-	27 894
2023 жылғы 31 желтоқсанға	(809 347)	(1 920 452)	-	(2 729 799)
Есептелген амортизация	(168 498)	(457 048)	-	(625 546)
Істен шығу	18 970	316 443	-	335 413
2024 жылғы 31 желтоқсанға	(958 875)	(2 061 057)	-	(3 019 932)
Баланстық құн				
2023 жылғы 31 желтоқсанға	862 813	1 648 409	373 420	2 884 642
2024 жылғы 31 желтоқсанға	1 091 307	3 539 518	1 273 575	5 904 400

13. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ САУДАЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша саудалық және өзге де кредиторлық берешек былайша берілген:

мың теңгемен	2024 жылғы 31 желтоқсанға	2023 жылғы 31 желтоқсанға
Саудалық кредиторлық берешек	56 085 944	21 118 955
Өзге де кредиторлық берешек	1 706 044	946 963
	57 791 988	22 065 918

Есепті кезеңде саудалық кредиторлық берешек ұлттық валютада деминацияланды

14. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ БАҒАЛАУ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері былайша берілген:

мың теңгемен	2024 жылғы 31 желтоқсанға	2023 жылғы 31 желтоқсанға
Өнім берушілерге төлемдер бойынша міндеттемелер	4 112 928	1 911 112
Зандық талаптар бойынша міндеттемелер	25 015	17 177
	4 137 943	1 928 289



«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер

Есептелген міндеттемелер бойынша қозғалыс былайша берілген:

мың теңгемен	2024 жылғы	2023 жылғы
1 қаңтарға	1 928 289	654 245
Есептелген	4 135 449	1 910 296
Төленді	(16 724)	(8 247)
Кредиторлық берешек құрамында жіктелген*	(1 909 071)	(628 005)
31 желтоқсанға	4 137 943	1 928 289

* Өткен жылғы шарттар бойынша кредиторлық берешек құрамында жіктелген міндеттемелер, олар бойынша есепті жылы жазылған бастапқы құжаттар.

15. ЖҰМЫСҚЕРЛЕРГЕ СЫЙАҚЫЛАР

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша жұмыскерлерге сыйақылар былайша берілген:

мың теңгемен	2024 жылғы 31 желтоқсанға	2023 жылғы 31 желтоқсанға
Еңбекақы төлеу бойынша берешек	14 951	31 199
Пайдаланылмаған демалыстар, сыйлықақылар және байланысты салықтар бойынша резерв	2 723 180	1 637 024
	2 738 131	1 668 223

Жұмыскерлерге сыйақылар: қызметкерлерге жалақы, жыл сайынғы ақылы демалыс және демалысқа материалдық көмек, науқастануы бойынша ақылы демалыс, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген өтемақылар мен кепілдіктер, сыйлықақылар, резервтер және ішкі нормативтік актілерде көзделген өзге де төлемдер сияқты қысқа мерзімді сыйақыларды қамтиды.

Пайдаланылмаған демалыстар, сыйлықақылар және байланысты салықтар бойынша резерв қозғалысы былайша берілген:

мың теңгемен	2024 жылғы	2023 жылғы
1 қаңтарға	1 637 024	2 038 818
Есептелген	2 454 880	348 937
Пайдаланылған	(1 368 724)	(750 731)
31 желтоқсанға	2 723 180	1 637 024

16. ӨЗГЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша өзге де ағымдағы міндеттемелер былайша берілген:

мың теңгемен	2024 жылғы 31 желтоқсанға	2023 жылғы 31 желтоқсанға
Зейнетақы аударымдары бойынша міндеттемелер	171 123	293 347
Жеке табыс салығы	80 065	200 664
Әлеуметтік сақтандыру бойынша міндеттемелер	100 576	89 418
Атқару парақтары бойынша берешек	11 805	21 061
Әлеуметтік салық	98 260	-
Басқалар	23 629	-
	485 458	604 490



17. ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР – ОБЛИГАЦИЯЛАР

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелердің құрамында бекітілген облигациялық бағдарлама шеңберінде Қоғам орналастырған мемлекеттік емес облигациялар:

Көрсеткіш	Мәні
Облигациялық бағдарлама проспектісінің мемлекеттік тіркелген күні	2024 жылғы 11 желтоқсан
Облигациялық бағдарламаның жалпы көлемі	10 000 000 000 теңге
Облигациялардың нақты шығарылымын тіркеу күні	2024 жылғы 11 желтоқсан
Тіркелген шығарылым көлемі (номиналды құны бойынша)	3 000 000 000 теңге
Облигациялардың саны мен түрі	3 000 000 қамтамасыз етілмеген мемлекеттік емес облигациялар
Сыйақы мөлшерлемесі	жылдық 19,00% (барлық айналыс мерзімі ішінде тіркелген)
Айналыс мерзімі	Үш жыл
Шығару мақсаты	Инвестициялық жобаны қаржыландыру/инфрақұрылымды дамыту

18. ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ САУДАЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғам міндеттемелерінің құрамында есепті күннен бастап 12 айдан асатын мерзімде төлеуге жататын өнім беруші алдындағы 23 713 044 мың теңге мөлшеріндегі ұзақ мерзімді кредиторлық берешек көрсетілген.

2024 жылғы тамызда Қоғам төлем мерзімін 2028 жылғы 30 қыркүйекке дейін кейінге қалдыра отырып, шарттық құны бойынша 37 604 815 мың теңгеге (қосылған құн салығын есепке алмағанда) бөгде Компаниядан бағдарламалық-аппараттық кешен сатып алды. Компания 20,49% сыйақының нарықтық мөлшерлемесі бойынша болашақ ақша ағындарына дисконттауды қолданды. Ақша ағындарының келтірілген құны - 33 750 072 мың теңгені құрады. Активтер мен міндеттемелердің бастапқы құны келтірілген құн сомасына танылды. Дисконт сомасы 3 854 742 мың теңгені құрады.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша дисконтты шегергендегі берешек сомасы 24 973 105 мың теңгені құрады. 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Компания 598 033 мың теңге сомасында кредиторлық берешек бойынша дисконтты амортизациялаудан шығысты таныды.

19. БОЛАШАҚ КЕЗЕНДЕРДІҢ КІРІСТЕРІ

Есепті күнге болашақ кезендердің кірістерінің құрамында цифрлық трансформацияның мемлекеттік бағдарламалары шеңберінде мемлекеттік мекеме - Цифрландыру жөніндегі қызметті қамтамасыз ету орталығы (ЦҚҚО) Қоғамға өтеусіз берген мүліктің баланстық құны көрсетілген.

Берілген мүлік активтердің мынадай санаттарын қамтиды:

Актив санаты	Баланстық құн	Кірісті тану әдісі
Негізгі құралдар	417 587	Ұтымды пайдалану мерзіміне пропорционалды
Материалдық емес активтер	200 052	Ұтымды пайдалану мерзіміне пропорционалды
Жиыны	617 639	

20. АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Акционерлік капитал былайша берілген:

	Айналыстағы акциялардың саны	Атап алу құны (мың теңгелік)
2024 жылғы 31 желтоқсанға	42 656 222	49 157 294
2023 жылғы 31 желтоқсанға	15 006 294	18 507 365



«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер

2023 жылғы 31 желтоқсанда акционерлік капитал орналастырылған жай акциялар саны 15 006 294 дана акциялармен ұсынылған және 18 507 365 мың теңгені құрайды. 2024 жылы акционерлік капитал номиналдық құны 1000 теңгеден 27 649 928 дана жай акцияға ұлғайды.

Бір акцияның баланстық құнының есебі былайша берілген:

мың теңгемен	2024 жылғы 31 желтоқсанға	2023 жылғы 31 желтоқсанға
Активтер	179 778 861	82 564 045
Міндеттемелер	(94 418 365)	(28 801 099)
Материалдық емес активтер	(5 904 400)	(2 884 642)
Жарғылық капитал (артықшылықты акциялар)		
Жай акциялар үшін таза активтер жиынтығы (мың теңге)	79 456 096	50 878 304
Жай орналастырылған акциялар саны (дана)	42 656 222	15 006 294
	1 862,71	3 390,05

Акцияға базалық пайда жыл ішіндегі таза пайданы/(залалды) жыл ішінде айналыстағы акциялардың орташа өлшенген санына бөлу жолымен есептелген.

мың теңгемен	2024 жылы	2023 жылы
Салық салынғаннан кейінгі пайда	3 804 539	9 715 909
Айналыстағы акциялардың орташа өлшенген саны (дана)	42 656 222	15 006 294
	0,09	0,65

21. ТҮСІМ

Төмендегі кестеде Қоғам қызметінің негізгі түрлерінен түсетін түсімнің негізгі құрауыштарын талдау берілген:

мың теңгемен	2024 жылы	2023 жылы
Байланыс қызметтері (мемлекеттік органдардың бірыңғай орта желісіне, МО ББЖ қосу арқылы сымсыз/спутниктік/жерүсті инфрақұрылымы базасында виртуалды жеке меншік желілерді ұйымдастыру)	34 157 644	36 209 220
Виртуалды машинаны бөлу қызметі (хостинг)	16 593 871	9 194 538
МО БИРПІ, SMART BRIDGE, SMART DATA UKIMET, МО БПЖ, ЭҮІПР және сервистік бағдарламалық өнімдердің қызметтері	8 118 059	4 921 444
«Электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін (мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін) сүйемелдеу қызметі	6 414 668	5 118 438
«Электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілеріне (мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері мен аппараттық-бағдарламалық кешендеріне) жүйелік-техникалық қызмет көрсету қызметі	2 793 043	2 192 557
ДӨО қызмет ретінде (Data-center as Service, DCaaS, co-location)	705 645	713 078
Жүйелік-техникалық қызмет көрсету және ҰКО, ТКО, ДТС, МО КО, ҚР Ұлттық шлюзі қызметтері	420 290	397 901
ЭҮ ИКИ объектілерін дамыту бойынша жобаларды басқару	360 216	767 521
Өзге де қызметтер	1 388 923	2 293 275
	70 952 359	61 807 972

Сатудан түскен түсім ақпараттық қызметтерді, жүйелік-техникалық қызметтерді, байланыс ұйымының қызметтерін және т.б. көрсетуден түскен түсімді білдіреді. Қызметтер Қазақстан Республикасының аумағында көрсетіледі, Тапсырыс берушілермен шарттар қазақстандық валютада жасалады. Негізгі тапсырыс берушілер Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары болып табылады.



22. САТЫЛҒАН ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

мың теңгемен	2024 жылы	2023 жылы
Байланыс қызметтері	21 793 246	23 448 951
Жалақы және аударымдар	13 840 614	10 970 041
Бағдарламалық-аппараттық кешенді жалға алу	10 821 337	2 852 342
Тозу және амортизация	7 158 760	2 829 849
Пайдаланылмаған демалыстар, сыйлықақылар және соларға байланысты салықтар бойынша резерв бойынша шығыстар	2 343 734	1 009 302
Жалға алу шығыстары	1 500 589	1 362 767
Техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтер	569 930	212 957
Активті пайдалану құқығының амортизациясы	535 002	3 796 223
Лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді жалға алу	514 024	872 821
Коммуналдық шығыстар	454 687	329 732
Сақтандыруға арналған шығыстар	313 679	242 584
Іссапар шығыстары	265 371	235 516
Материалдар	125 445	124 711
Персоналды оқыту	45 419	5 516
Консультациялық және ақпараттық қызметтер	19 196	40 500
Өзге де шығыстар	4 168 218	4 409 771
	64 469 251	52 743 583

23. ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

мың теңгемен	2024 жылы	2023 жылы
Жалақы және оған байланысты салықтар	1 449 342	1 132 583
Пайдаланылмаған демалыстар, сыйлықақылар және соларға байланысты салықтар бойынша резерв бойынша шығыстар	234 029	92 558
Жалдау бойынша шығыстар	150 022	108 493
Көлік шығыстары	44 203	39 139
Тозу және амортизация	31 849	35 340
Іссапар шығыстары	17 545	34 179
Аудиторлық және консультациялық қызметтер	12 780	15 900
Материалдар	11 602	10 491
Мүшелік жарналар	11 187	-
Персоналды оқыту	4 660	7 178
Басқалар	189 994	107 543
	2 157 213	1 583 404

* 1) Жалақының және онымен байланысты салықтардың өсуіне 2024 жылы ЕТҚ-ның 30%-ға өсуі ықпал етті, тиісінше пайдаланылмаған демалыстар бойынша резерв бойынша шығыстар және олармен байланысты салықтар ұлғайды.

2) Басқа да шығыстардың өсуі облигациялар шығару жөніндегі консультациялық қызметтермен, заңдық және нотариалдық қызметтермен байланысты.

24. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІСТЕР

мың теңгемен	2024 жылы	2023 жылы
Авторепө бойынша сыйақылар	1 184 486	3 914 972
Депозиттер бойынша сыйақылар	626 285	486 755
Облигациялар бойынша сыйақылар (DSFK ЖШС облигациялары бойынша жылдық купон)	21	26
	1 810 792	4 401 753

25. ҚАРЖЫЛЫҚ ШЫҒЫСТАР

мың теңгемен	2024 жылы	2023 жылы
Дисконт амортизациясы	598 033	447 496
Жалдау бойынша сыйақылар	120 863	1 650
Басқалар	1 650	447 496
	720 546	447 496



«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ
2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер

26. ӨЗГЕ ДЕ КІРІСТЕР

мың теңгемен	2024 жылы	2023 жылы
Айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбы	358 336	101 036
Өтеусіз алынған активтерден түскен кірістер	93 000	-
Қаржы активтері бойынша құнсызданудан болған залалды қалпына келтіруден кіріс	74 157	15 098
Қаржы құралдарының әділ құнының өзгеруінен кіріс	1 625	7 021
Ақша қаражаты бойынша резервті түзету	404	254
Өзге де кірістер	133 142	23 459
	660 664	146 868

27. ӨЗГЕ ДЕ ШЫҒЫСТАР

мың теңгемен	2024 жылы	2023 жылы
Дебиторлық берешектің құнсыздануы бойынша шығыстар	155 128	74 157
Активтердің істен шығуы бойынша шығыстар	150 376	12 491
Бағалау міндеттемелерін құру бойынша шығыстар	25 015	17 177
Қаржы құралдарының құнсыздануы бойынша шығыстар	15 590	12 153
Өзге де шығыстар	68 559	17 805
	414 668	133 783

28. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

Табыс салығы бойынша шығыстардың негізгі құрамдас бөліктері:

мың теңгемен	2024 жылы	2023 жылы
Ағымдағы салық	1 608 755	855 747
Кейінге қалдырылған салық	247 444	875 416
	1 856 199	1 731 163

Салық салынғанға дейінгі бухгалтерлік табысқа қолданылатын табыс салығын заңнамада белгіленген мөлшерлеме бойынша салыстырып тексеру:

мың теңгемен	2024 жылы	2023 жылы
Салық салынғанға дейінгі (залал)/пайда	5 660 738	11 447 072
Белгіленген мөлшерлеме бойынша салық (20%)	1 132 148	2 289 414
Салық базасын өзгертпейтін кірістер мен шығыстарға түзетулер	724 051	(558 251)
Табыс салығы бойынша шығыстар	1 856 199	1 731 163

2024 жылғы 03 қаңтардағы № 1/5319 қосымша келісімге сәйкес 2024 жылғы 03 қаңтардан бастап МО БКО жобасы шеңберінде байланыс қызметтері, қызметтің басым түрлерінен алынып тасталды және тиісінше қызметтің басым емес түрлерінің құрамына кірді, бұл салық салынатын кірістің ұлғаюына және соның салдарынан қызметтің басымдыққа ие емес түрлері бойынша кірістен КТС қосымша есептеуге әкеп соқтырды.

мың теңгемен	2024 жылғы 31 желтоқсанға	2023 жылғы 31 желтоқсанға
Негізгі құралдар	(1 789 949)	(1 372 000)
Демалыстар, сыйлықақылар бойынша резерв	544 636	327 405
Күмәнді талаптар бойынша резерв	31 026	14 831
Жарамсыз қорларды есептен шығаруға арналған резерв	2 569	2 822
Жалдау бойынша міндеттемелер	132 026	323 420
Жалға алу құқығы	(107 001)	(214 001)
Әлеуметтік салық	19 652	
Әлеуметтік медициналық сақтандыруды аудару	7 645	
Аудит және сот талқылауы резервтері	5 002	
	(1 154 394)	(906 950)



Қаржылық есептіліктегі кейінге қалдырылған салық міндеттемесінің қозғалысы:

мың теңгемен	2024 жылы	2023 жылы
Басындағы сальдо	(906 950)	(31 534)
Соңындағы сальдо	(1 154 394)	(906 950)
Өзгерту	(247 444)	(875 416)

29. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН МӘМІЛЕЛЕР

Осы қаржылық есептіліктің мақсаттары үшін, егер бір тараптың екінші тарапты бақылауға немесе ол қаржылық немесе операциялық шешімдер қабылдаған кезде екінші тарапқа елеулі ықпал етуге мүмкіндігі болса, тараптан байланысты ретінде қаралады. Қоғаммен ортақ бақылаудағы тараптар да байланысты деп саналады. Байланысты тараптардың ықтимал қатынастарын қарау кезінде әрбір жағдайда жай ғана құқықтық нысанға емес, қатынастардың мәніне назар аударылады.

Байланысты тараптар Қоғамның Жалғыз акционерін, негізгі басқарушы персоналды және дауыс беретін акциялардың едәуір үлесі тікелей немесе жанама түрде Қоғамның Жалғыз акционеріне немесе негізгі басқарушы персоналына тиесілі ұйымдарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі бақылайтын ұйымдарды қамтиды. Байланысты тараптар арасындағы операциялар ақы алынуына қарамастан, байланысты тараптар арасындағы қызметтер ресурстарын немесе міндеттемелерін беруді білдіреді.

Байланысты тараптармен операциялар, байланысты және үшінші тараптар үшін ұсынылатын тарифтер негізінде ұсынылған кейбір реттеліп көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, нарықтық мөлшерлемелерге міндетті түрде сәйкес келмейтін тараптар арасында келісілген шарттарда жүзеге асырылды.

мың теңгемен	Дебиторлық берешек		Түсім	
	2024 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2023 жыл
Байланысты тарап				
Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі РММ	-	706 928	7 718 560	5 271 064

Негізгі басқару персоналына сыйақылар

Қоса беріліп отырған пайда мен шығындар туралы жеке есепте жалақы бойынша шығыстардың құрамына енгізілген негізгі басқару персоналына сыйақы 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін 101 447 мың теңгені құрады (2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін: 120 638 мың теңге). 2024 жылы басқару аппаратында бос орындардың болуы есебінен азайту. Негізгі басқару персоналының сыйақысы негізінен шарттық жалақыдан және операциялық қызметтің нәтижелері бойынша сыйақыдан тұрады.

30. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ

Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметі Қазақстандағы кәсіпкерлік қызметке тән экономикалық және әлеуметтік тәуекелдерге ұшырайды. Бұл тәуекелдер Үкіметтің саяси шешімдері, экономикалық жағдайлар, салық заңнамасының және ҚР басқа да нормативтік-құқықтық актілерінің өзгерістері сияқты объективті факторлардың әсерінен құрылуы мүмкін, бірақ Қоғам басшылығы олардың Қоғамның қаржылық нәтижелеріне әсерін азайту мақсатында тәуекелдердің барлық ауытқуларын басқарады және қадағалайды.

Қоғам үшін негізгі қаржылық тәуекелдер өтімділік тәуекелдерінің кредиттік нарықтық нарығына және барлық қаржы құралдарына байланысты туындайтын валюталық тәуекелге байланысты. Қоғамның операцияларына байланысты қаржылық тәуекелдерді бақылау және басқару тәуекелдердің дәрежесі мен шамасы бойынша тәуекелге ұшыраушылыққа талдау жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Кредиттік тәуекел

Негізінен ақша қаражаты мен ақша баламаларын қамтитын Қоғамның қаржы активтеріне жататын кредиттік тәуекел контрагенттердің міндеттемелерді ықтимал орындамау тәуекелінен туындайды. Басшылық өз білімін жергілікті нарық шарттарын пайдалана отырып, контрагенттердің қаржылық сенімділігін үнемі қадағалап отырады.

Қоғам басшылығының пікірінше, кредиттік тәуекелдің жалпы шамасы есепті күнге танылған резервтерді шегергендегі ағымдағы активтердің сомасына тең. Кредиттік тәуекел нәтижесінде ықтимал залдауымен ең жоғары сомасы ақша қаражатының және олардың баламаларының, сондай-ақ қаржы активтерінің баланстық құнына тең.



«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша жоғарыда көрсетілген баптар былайша берілген:

мың теңгемен	2024 жылғы 31 желтоқсанға	2023 жылғы 31 желтоқсанға
Ақша қаражаты және олардың баламалары	31 300 910	35 557 020
Саудалық дебиторлық берешек	961 193	1 411 047
Өзге де ағымдағы қаржы активтері	-	109 136
	32 262 103	37 077 203

Келесі кестеде «Standard & Poor's» халықаралық рейтинг агенттігінің деректері бойынша Қоғамның ақша қаражаты орналастырылған екінші деңгейдегі банктердің рейтингтері көрсетілген.

мың теңгемен	2024 жылға рейтинг	2024 жылы	2023 жылы
«Халық Банкі» АҚ	<u>S & P/BBB- (BB +)/Тұрақты</u>	14 120 997	7 851 209
«Forte Finance» АҚ	<u>Fitch/BB (BB-)/Тұрақты</u>	17 195 503	27 717 964
		31 316 500	35 569 173

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі Қоғамның қаржылық міндеттемелерді орындау кезінде қиындықтарға тап болу тәуекелі ретінде айқындалады. Қоғам қолда бар ақша қаражатын пайдаланудың күнделікті қажеттілігіне байланысты тәуекелге ұшырайды. Басшылық ай сайын Қоғамның ақша қаражаты қозғалысының болжамын бақылайды. Қоғам дебиторлық берешекті өтеуден түсетін түсімдер арқылы өтімді қаражатқа деген қажеттілікті қанағаттандырады. Қоғам ағымдағы өтімділікті жоспарлау құралын пайдалана отырып, қаражат жетіспеушілігі тәуекелінің мониторингін жүзеге асырады. Осы құрал қаржы инвестициялары мен қаржы активтерін өтеу мерзімін, сондай-ақ операциялық қызметтен түсетін болжамды ақша ағындарын ескереді.

Мынадай кестелерде Қоғамның оның туынды емес қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелері бойынша келісімшарт мерзімдері көрсетіледі. Кестелер қаржы активтерінің келісімшарттық мерзімдері негізінде, Қоғам күтетін жағдайларды қоспағанда, осы активтер бойынша алынатын осы активтер бойынша ақша қозғалысы алынатыны туралы, Қоғам ақша қозғалысы басқа кезеңде және Қоғамнан төлем талап етілуі мүмкін ең ерте күн негізінде қаржылық міндеттемелер бойынша ақша ағындарының қозғалысы күткен кезде жасалды.

2024 жылғы 31 желтоқсанға	1 жылға дейін	1-5 жыл	5 жылдан астам	Жиыны
Қаржы активтері				
Ақша қаражаты және олардың баламалары	31 300 910			31 300 910
Саудалық дебиторлық берешек	961 193		-	961 193
Өзге де ағымдағы қаржы активтері	-			-
	32 262 103			32 262 103
Қаржылық міндеттемелер				
Саудалық кредиторлық берешек	57 791 988	-	-	57 791 988
Жалдау бойынша міндеттемелер	660 130	-	-	660 130
Жиыны	58 452 118			58 452 118

2023 жылғы 31 желтоқсанға	1 жылға дейін	1-5 жыл	5 жылдан астам	Жиыны
Қаржы активтері				
Ақша қаражаты және олардың баламалары	35 557 020	-	-	35 557 020
Саудалық дебиторлық берешек	1 411 018	29	-	1 411 047
Өзге де ағымдағы қаржы активтері	109 136	-	-	109 136
	37 077 174	29		37 077 203
Қаржылық міндеттемелер				
Саудалық кредиторлық берешек	22 065 918	-	-	22 065 918
Жалдау бойынша міндеттемелер	956 995	660 105	-	1 617 100
	23 022 913	660 105		23 683 018
Жиыны	14 054 261	(660 076)		13 394 185



Валюталық тәуекел

Қоғамның функционалдық валютасынан ерекшеленетін валютамен көрсетілген сату, сатып алу операцияларын жүзеге асыра отырып, Қоғам валюталық тәуекелге ұшырайды. Қоғам валюта бағамдарының ауытқуынан қаржылық нәтижелерге әсерін барынша азайту үшін хеджирлеу құралдарын пайдаланбайды.

Мың теңгемен	Теңге	АҚШ доллары	Еуро	Жиыны
2024 жылғы 31 желтоқсан				
Ақша қаражаты	31 300 910	-	-	31 300 910
Қысқа мерзімді дебиторлық берешек	961 193	-	-	961 193
Саудалық кредиторлық және өзге де берешек	(57 791 988)	-	-	(57 791 988)
	(25 529 885)	-	-	(25 529 885)
2023 жылғы 31 желтоқсан				
Ақша қаражаты	35 557 020	-	-	35 557 020
Қысқа мерзімді дебиторлық берешек	1 411 047	-	-	1 411 047
Саудалық кредиторлық және өзге де берешек	(22 065 918)	-	-	(22 065 918)
	14 902 149	-	-	14 902 149

Капиталды басқару

Қоғамның капиталды басқару саласындағы міндеті акционер үшін табысты және басқа мүдделі тұлғалар үшін пайданы қамтамасыз ете отырып, оның қызметін үздіксіз қағидатына сәйкес жалғастыру қабілетін қолдаудан, сондай-ақ оның құнын төмендету үшін капиталдың оңтайлы құрылымын қолдаудан тұрады.

Қоғам капиталдың құрылымын басқарады және оны экономикалық жағдайлардың өзгеруіне және шарттық талаптардың талаптарына сәйкес өзгертеді. Капитал құрылымы бөлінбеген пайда және жарғылық капитал болып табылады. Қоғам «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңында белгіленген капиталдың ең аз мөлшеріне қойылатын талаптарды орындайды.

Қоғам 2024 және 2023 жылдары капиталды басқару мақсаттарына, саясатына немесе процестеріне өзгерістер енгізген жоқ.

Сегменттік есептілік

Қоғамның бизнес-операциялары Қазақстан Республикасында орналасқан және ақпараттық жүйелік-техникалық қызметтер көрсетуге жатады. Қоғам оның ХҚЕС (IFRS) 8 сәйкес бір ғана есептік сегменті бар деп есептейді. Сегментті бағалау пайда немесе залал негізінде бағаланады және ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған қаржылық есептілікте пайда немесе залалға сәйкес өлшенеді.

31. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР**Операциялық орта**

Қазақстанда экономикалық реформалар мен нарықтық экономика талаптарына жауап беретін құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылымды дамыту жалғасуда. Қазақстан экономикасының болашақтағы тұрақтылығы көбінесе осы реформалардың барысына, сондай-ақ экономика, қаржы және ақша-кредит саясаты саласында Үкімет қабылдайтын шаралардың тиімділігіне байланысты болады.

Сот процестері

Әдеттегі қызмет барысында Қоғам сот талқылауы мен талап қоюдың тарабы болып табылады. Қоғам басшылығы түпкілікті міндеттеме, егер ол орын алатын болса, осы сот талқылауларының және талап-арыздардың нәтижелері бойынша осы қаржылық есептілікке де елеулі әсер етпейді, Қоғамның ағымдағы қаржылық жағдайына да, сондай-ақ Қоғамның таяу болашақтағы қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне де, сот талаптары бойынша резервті қоспағанда, қаржылық есептілікте 25 015 мың теңге (2023 жылы 17 177 мың теңге) мөлшерінде, 14-ескертпе.

Басшылықтың пікірінше, Қоғам қызметінің жекелеген қаржылық нәтижелеріне немесе қаржылық жағдайына елеулі теріс әсер етуі мүмкін және осы жеке қаржылық есептілікте есептелмейтін немесе ашылмайтын ағымдағы сот талқылаулары немесе шешілмеген талаптар жоқ.



Салық салу жөніндегі шартты міндеттемелер

Қоғам әрбір есепті кезең үшін салық міндеттемелерін айқындауға қатысты белгісіздіктердің ықпалына ұшырайды. Қолданыстағы салық жүйесі мен салық заңнамасы ұзақ емес уақыт кезеңі ішінде қолданыста болғандықтан, бұл белгісіздіктер әдетте неғұрлым дамыған салық жүйелері бар елдерге тән болғандарға қарағанда едәуір. Қолданылатын салықтарға қатысты заңдар әрдайым нақты жазылмаған және үнемі дамып келе жатқан, әртүрлі және өзгеріп отыратын түсіндірмесі бар заңнама тікелей қолданылады.

Салық заңнамасын қолдану мен дамытудағы белгісіздік Қоғамға қосымша есептелген салықтарды төлеуге тура келетініне тәуекел туғызады, бұл Қоғамның қаржылық жағдайына және оның қызметінің нәтижелеріне елеулі теріс әсер етуі мүмкін.

Салық органдарының барлық салықтарға қатысты тиісті салық кезеңі аяқталғаннан кейін үш жыл ішінде салықтарды қосымша есептеуге құқығы бар.

Басшылық Қоғам, тұтастай алғанда, салық заңнамасының талаптарын және оның қызметіне әсер ететін салықтарға қатысты жасалған шарттар бойынша талаптарды орындайды және демек, ешқандай қосымша салық міндеттемелері туындамайды деп санайды. Алайда жоғарыда көрсетілген себептер бойынша тиісті мемлекеттік органдардың салық заңнамаларының шарттық ережелері мен талаптарын басқаша түсіндіруі мүмкін деген қауіп сақталады. Дегенмен, кез келген әлеуетті қосымша салық міндеттемелерін бағалауда жоғарыда көрсетілген белгісіздіктердің салдарынан басшылық үшін Қоғам жауапкершілікке тартуы мүмкін кез келген айыппұлдармен және өсімпұлдармен бірге туындауы мүмкін кез келген қосымша салық міндеттемелерін бағалау мүмкін емес болып табылады.

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі міндеттемелер

Қоғам Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі әртүрлі заңдары мен ережелерін қолдану объектісі болып табылады. Басшылық Қоғам мұндай заңдар мен ережелердің барлық талаптарын орындайтынына сенімді, алайда күтпеген міндеттемелердің болу мүмкіндігін елемеге болмайды.

32. ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІН БОЛҒАН ОҚИҒАЛАР

1. Акционерлік капиталды ұлғайту

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің 26.03.2025 жылғы № 128/НҚ бұйрығымен «Ұлттық ақпараттық технологиялар» акционерлік қоғамның жарияланған акцияларының санын қолда бар 42 656 222 (қырық екі миллион алты жүз елу алты мың екі жүз жиырма екі) дана жай акцидан 119 700 (жүз он тоғыз мың жеті жүз) дана жай акцияға ұлғайту туралы шешім қабылданды.

2. Ұзақ мерзімді қарыз алу (2025 жылғы ақпан)

2025 жылғы ақпанда Қоғам 2025 жылғы 24 қаңтардағы № SKL-30-25 кредит желісін ашу туралы келісім шеңберінде 2025 жылғы 10 ақпандағы № DBZI-49-25 шарты бойынша 4 349 352 000 теңге және 2025 жылғы 10 ақпандағы № DBZI-50-25 шарты бойынша «Қазақстан Даму Банкі» АҚ-нан жылдық 15,43% және 13,14% сыйақы мөлшерлемесімен 30 000 000 000 теңге мөлшерінде ұзақ мерзімді қарыз тартты. Бұл ретте № DBZI-50-25 шарты бойынша 13,14% сыйақы мөлшерлемесі 2027 жылғы 9 желтоқсанға дейін қолданылады, одан кейін өзгермелі мөлшерлеме - TONIA Compounded + жылдық 3,59% белгіленеді. Қарызды өтеу мерзімі 2032 жылғы қаңтарға белгіленген.

Қарыздың мақсаты – Инвестициялық жобаны қаржыландыру, атап айтқанда, мемлекеттік органның («Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті» ММ) ақпараттық жүйелерін серверлік жабдықпен қамтамасыз ету.

3. Еншілес кәсіпорындағы үлесті сатып алу (2025 жылғы сәуір)

2025 жылғы 9 сәуірде «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ QazTech Ltd. жеке компаниясының мажоритарлық акционері атанды.

Жоғарыда көрсетілген оқиғалар Қоғамның қаржылық қызметінің нәтижелеріне әсер еткен жоқ.



4. *Сот істері*

Қоғам Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына 2025 жылғы 21 ақпанда «Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті» ММ-нен «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ пайдасына 2025 жылғы 1 қаңтарда көрсетілген қызмет үшін берешекті өндіріп алу туралы талап арызбен жүгінді 7 355 185 134 тенге 58 тиын.

